Ежелгі көшпелілер дәуірінде әскери іс өте қарқынды даму үстінде болды: соғысты жүргізу тәсілдері жетілдірілді, қару-жарақтың және ат әбзелдерінің жаңа түрлері



3. Ұштары үзеңгі пішіндес қола ауыздық. Сапибұлақ қорымы
Бронзовые удила со стремевидными окончаниями. Могильник Сапибулак
Bronze bits with stirrups. Burial ground Sapibulak



4. Темір ауыздық және екітесікті сулық. Ж.с.д. VI–IV ғғ. соңы. Оңайбұлақ қорымы
Железные удила и двудырчатые псалии конца VI–V вв. до н.э. Могильник Онайбулак
Iron bits and two-leaved psaly of the end of the 6th-5th centuries. BC. Burial ground Onaybulak

пайда болды, сонымен қатар мініс жылқысын басқару әдістіре жетілдірілді. Батыс Қазақстан өңіріндегі тайпаларда бұл үдерістен тыс қалмады. Ежелгі көшпелілер алғашқы кезде қайыстан және сіңірден жасалған ауыздықтарды пайдаланған болуы мүмкін (2-сурет). Археологиялық мәліметтерге сүйенсек ж.с.д. VIII–VII ғғ. металлдан жасалған ауыздықтар пайда болды. Шабандоз жауынгердің жеке әскери күш ретінде аренада өзінің бой көрсетуі осы тарихи кезеңнен басталуы мүмкін. Нақты айтқанда ерте темір дәуірінің басталуымен Батыс Қазақстан аумағандағы ерте көшпелілер қоғамында әскери істің динамикалық дамуы орын алған, мұнда атты жауынгер негізгі күш болып есептелді. Бұны жазба деректермен қатар археологиялық табылымдар да дәлелдейді.

Археологтар ат әбзелдеріне жүргізілген зерттеу жұмыстарын негізге ала отырып ежелгі көшпелілер мініс атын басқару әдістерін және олардың әбзелдерін үнемі жетілдіріп отырғандығын анықтады. Мәселен, Батыс Қазақстанда жүргізілген қазба жұмыстарынан әртүрлі ауыздықтар және тартпаның айылбастары табылған, олар атты сенімді басқаруға жағдай туғызуы тиіс. Олардың түрлері өте көп. Бұның өзі жоғарыда атап өткеніміздей, ежелгі көшпелілердің мініс атын басқару әдістерін жетілдіру бағытындағы ізденістерінің әсерінен болған болуы мүмкін. Даланың ашық болуы және ежелгі көшпелілердің көшпелі шаруашылықпен айналысуымен қатар, бұрынғыдан мүлде басқа жаулардың пайда болуы, осындай өзгерістерге әкелген болуы мүмкін. Ақтөбе облысы аймағында осы үрдістердің барлығы, яғни, әскери істің қарқынды дамуы ж.с.д. VI–IV ғасырлар аралығында болған. Ат әбзелінің әртүрлі бұйымдары мен қатар, нақты осы кезеңге тән атты жауынгерге арналған ұзындығы бір метрге жететін қылыштар және ұзын сапты найзалар пайда болған. Археологиялық қазбалардан металлдан және сүйектен жасалған қорғаныс бұйымдары табылған. Яғни, әскери жауынгерлер қатарында негізгі күш болып есептелетін ауыр сауыттармен жарақтанған салт атты жауынгерлер пайда болған.

Батыс Қазақстан территориясынан бүгінгі күнге дейін ж.с.д. VIII–VII ғғ. тән қоладан жасалған ауыздықтар табылмаған. Бірақ осындай ауыздықтар көрші аймақтардан табылғандығы белгілі. Көбіне олар өзекше тәрізді, кескіні дөңгелек, бір-біріне жалғанған дені сақина түрінде иіліп жасалған. Ауыздықтардың ұштары негізінен дөңгелек немесе үзеңгі тәрізді пішінде аяқталған. Солтүстік Қаратеңіз және Солтүстік Кавказ маңының мәдени ықпалдастығының нәтижесінде Оңтүстік Орал және Батыс Қазақстан даласында осындай пішіндегі ауыздықтардың пайда болғандығын К.Ф. Смирнов атап өткен болатын. Ұштары үзеңгі пішіндес етіп жасалған қола ауыздықтар Еуразияның көптеген аймақтарында, әсіресе, Сібір, Алтай, Орталық Қазақстан және Арал маңында кеңінен таралғандығын қосымша атап өтуге болады. Жерлеу ғұрыптарына және материалдық мәдениетке жүргізілген талдау жұмыстарының нәтижесі Батыс Қазақстан территориясындағы ерте көшпелілер мәдениетінің қалыптасуына және дамуына осы аймақтардың үлкен мәдени ықпалы болғандығын айтуға мүмкіндік береді. Ұштары үзеңгі пішінді етіп жасалған ауыздықтар Елек өзені аңғарында орналасқан, Сапибұлақ қорымындағы бір обадан ғана табылды (3-сурет).


Ж.с.д. VI–V ғғ. мініс атының ауыздығы құрылымдық жағынан айтарлықтай өзгеріске ұшырайды. Қола ауыздықтарды қолданыстан біртіндеп ығыстырған темір ауы-

здықтар пайда болады. Темір ауыздықтар кескіні шеңбер немесе тікбұрышты жуан сым темірден жасалған, ұштары ілмек түрінде иілген. Бұйымның орталық бөлігінен бірдей қашықтықта орналасқан екі тесігі бар сулықтар «екі тесікті» сулықтар деген атауды иеленді (4-сурет). Осындай сулықтар Оңтүстік Орал және Батыс Қазақстан өңірлерінде ж.с.д. VI–V ғғ. соңында пайда болып, ж.с.д. IV ғасырға дейін қолданыста болған. Сулықтарға жүргізілген зерттеулер нәтижесі қарастырылып отырған өңірдегі ежелгі көшпелілер батыс және шығыс аймақтармен мәдени байланыста болғандығын көрсетеді. Мәселен, әртүрлі сулықтардың кейбірі Солтүстік Қаратеңіз және Солтүстік Кавказ маңындағы біршама ерте кезеңдердегі археологиялық ескерткіштерінен табылғандығы белгілі. Басқа түрлері Орал тауының шығысындағы, әсіресе, Оңтүстік Сібір және Алтай өңірінің ежелгі көшпелілерімен қарым-қатынасы нәтижесінде қалыптасқан болуы мүмкін.


Жалпы алғанда Оңтүстік Орал және Батыс Қазақстан территорияларында таралған мініс аты ауыздығының құрылымы Еуразияның басқа да далалық және орманды далалық аймақтарындағы ауыздықтарға ұқсас болады. Ауыздықтар әртүрлі айылбастар және қапсырмалар арқылы бекітілетін шекелік, мұрындық және сағалдырық қайыстарының болуы барлық аймақтарға тән (5-сурет). Қарастырылып отырған аймақтарда айылбастар негізінен қоладан және кейде темірден жасалғандығы байқалады. Біз көбіне осындай бұйымдардан дала фаунасының зооморфты үлгісін байқаймыз.

Оңтүстік Орал және Батыс Қазақстанның ежелгі көшпелілері ерте темір дәуірінде ер тұрманмен жақсы таныс болғанын, қоладан және темірден жасалған тартпаға арналған айылбастарға қарап айтуға болады. Жерлеу кешенінен жылқының тұтас қаңқа сүйектері табылған жағдайларда сақина түріндегі айылбастар олардың бүйірінен табылған. Бұл фактілер сол кезеңдегі шабандоздың ер-тұрманды пайдаланғандығын нақты айтуға ғалымдарға мүмкіндік берді. К.Ф. Смирновтың көшпелілер жұмсақ ерді пайдаланған болуы мүмкін деген пікірі біршама шындыққа жанасады. Тартпаның айылбасын сол жақ бүйірінен тартып байлағаны анық байқалады. Ерте темір дәуірінде тартпа айылбасын әртүрлі тарту үлгілері болғандығын ескеру қажет (6-сурет). Оңтүстік Орал және Батыс Қазақстан аумағындағы мініс атының әбзелдері жалпы Еуразия даласына тән ат әбзелдерінің бір нұсқасы болып табылады.

Батыс Қазақстан өңіріндегі мініс аты әбзелдерінің барлық бұйымдары қоладан және темірден жасалған, қазақ даласының батысындағы көшпелілер бұйымдарды көркем суреттеуге ерекше мән берген. Сондықтан бұйымдардың көпшілігінен жануарлар үлгісінде безендірілген бейнелерді байқаймыз. Батыс Қазақстан даласында мініс аты әбзелдерінің әртүрлі жануарлар бейнесінде әшекейленген үлгілері өте көп тараған және танымалдыққа ие болды (7-сурет). Бұйымдардың басым бөлігі Орал өзені алқабында және оның – Елек және Ор тармақтары аумағында орналасқан. Ж.с.д. I мыңжылдықтың екінші жартысына тән жерлеу кешендеріндегі көшпелілер элитасының обаларынан табылған. Табылымдарға көркем бейнелік тұрғысынан қарасақ, ұштары бөрінің, жылқының, түйенің, қабанның, грифонның және т.б. жануарлардың басы түрінде жасалған қола сулықтар өте қызықтырады. Көп жағдайда шеберлер жануарлардың бейнесін мәнерлі және шынайы суреттеп берген. Бұйымдарда бөрі мен



5. Ж.с.д. VI–IV ғғ. ауыздықтың жаңғыртпасы. Батыс Қазақстан және Оңтүстік Орал маңы
Реконструкция уздечки конца VI–IV вв. до н.э. Западного Казахстана и Южного Приуралья (по: Смирнов К.Ф., 1961)
Reconstruction of the frenulum of the end of the 6th-4th centuries. BC. Western Kazakhstan and the Southern Urals (by: Smirnov K.F., 1961)



6. Ер-тұрман құрылымының жаңғыртпасы және тартпаларды тарту тәсілдері
Реконструкция устройства седла и способов застегивания подпружных ремней
Reconstruction of the saddle device and methods of fastening of the spring belts

түйенің ауыздары ақсиған түрде бейнеленген, самұрық-грифондардың тұмсықтары айбатты және үлкен етіп сомдалған. Батыс Қазақстан көшпелілерінің жерлеу ескерткіштерінен табылған тартпа айылбастары да назар аударуға тұрарлық. Олардың кейбіреуі, мәселен, екі өркешті түйенің тұрып тұрған бейнесі түрінде безендірілген. Осы ескерткіштен арпалысып тұрған екі түйенің бейнесі түрінде безендірілген екі айылбас табылған. Осыларға ұқсас басқа да бұйымдар пішіні шеңбер түрінде бұратылған жыртқыш түрінде жасалған. Табылымдар қатарындағы үшінші бұйымда мысық тектес жыртқыштың тұяқты жануарға шабуылы бейнеленген (8-сурет).

Орталық және Солтүстік Қазақстан өңірлеріндегі ат әбзелдерінің эволюциясы

Орталық және Солтүстік Қазақстан аумағындағы тайпалар өте ерте замандардан бері мініс атымен таныс болған. Атасу және Чаглинка және Айдабол қорымындағы оба-қоршау 1-ден (ж.с.д. II мыңж.) табылған қола дәуірінің сүйектен жасалған ауыздықтары, осы аймақтардағы тұрғындардың жылқыны қолға үйретіп мінгендігінен хабар береді (9-сурет).

Орталық және Солтүстік Қазақстан даласында сақ тайпалары ерте темір дәуіріне тән Тасмола, Қарамұрын, Нұрманбет, Кеңес деп аталған атақты ескерткіштерді бізге мұра етіп қалдырған. Ежелгі көшпелілер Тасмола археологиялық мәдениетінің негізін қалаған, бұл мәдениетті алғашқы болып бөліп қарастырған белгілі қазақ археологы Мир Қасымұлы Қадырбаев еді.

Ежелгі көшпелілердің мініс атының әбзелдеріне көңіл бөлінбеген болатын және М.Қ. Қадырбаев өзіне белгілі болған ат әбзелдері бұйымдарының барлығын талдап, зерттеді. Қарастырылып отырған басқа аймақтардағыдай тасмолалықтарда мініс атын игеруді қарқынды дамытқан. Сан түрлі етіп жасалған ат әбзелдері осыған дәлел бола алады (10-12-сурет). М.Қ. Қадырбаев Орталық Қазақстандағы көшпелілердің ж.с.д. I мыңжылдықтың басында және ортасында пайдаланған ауыздықтарды негізгі төрт типке бөліп қарастырған. Олардың басым бөлігі қоладан, ұштары үзеңгі пішінді етіп жасалған. Сонымен қатар шығыршықты ауыздықтар да кездеседі. Зерттеуші ғалымдар осыған байланысты келесі пікірді атап өткен: «они не являются специфичными только для Центрального Казахстана. Они широко распространены на Алтае, в Южной Сибири, известны в Семиречье и на Восточном Памире» (Кадырбаев, 1966, 384-б.). Бұл біріншіден мініс аты әбзелдерінің қарқынды дамығандығын көрсетеді және Еуразияның ежелгі тұрғындары өзара мәдени қарым-қатынаста болғандығын көрсетеді. Зерттеушінің пайымдауынша, Қазақстанда, оның ішінде Сарыарқада кейбір ауыздық түрлерінің пайда болуы, сақ тайпаларының шалғайдағы отырықшы өркениеттермен қарым-қатынасының нәтижесі болып табылады. Оның пікірі бойынша, бұл сақ-скиф тайпаларының ж.с.д. VII ғ. Алдыңғы Азияға жасаған жорығы кезінде орын алуы мүмкін. Басқа да ғалымдардың пікірі бойынша тасмолалықтардағы ауыздықтар мен сулықтардың қалыптасуына олардың Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлеріндегі сақ тайпаларымен қарым-қатынасы ықпал еткен. Мәселен, К. Ақышев және А. Ақышевтер тасмолалықтар Арал маңындағы және Жетісу

өңіріндегі сақ тайпаларынан ауыздықтың құрылымын қабылдаған деген пікірді айтқан.

Орталық Қазақстанның сақ тайпалары ат әбзелі бұйымдарын көркем безендіруге үлкен мән берген. Бұның жарқын мысалы, Тасмола V қорымындағы обалардың бірінен табылған сырты алтынмен апталған темір сулық және жүгеннің әшекейлері бірегей табылымдар. Сонымен қатар осы обадан табылған, таутекенің мүсіні түрінде жасалған әбзел бөлшектері бірегей табылымдар қатарына жатады (13-сурет). Ж.с.д. VII–VI ғғ. аттың жүгені екі қайыстан құралған, маңдайлық және сағалдырық тұстарын күрделі өріммен өрілген қайыстар арқылы бекіткен.

Ж.с.д. VI–V ғғ. соңында Батыс Қазақстан сияқты, Орталық және Солтүстік Қазақстандағы сақ тайпалары да ат әбзелінің кейбір бөлшектерін ауыстырады. Қоладан жасалған күрделі құрылымды ауыздықтарды екі шығыршықты ауыздықтар алмастырады.

Ежелгі қоғамда аттың рөлі жоғары болған және көшпелілер оны жоғары бағалаған. Ғалымдардың пікірі бойынша далалық тайпалар жылқы тұқымын асылдандырумен де айналысқан. Жауынгердің меншігі болған жорық аттары ерекше бағаланған. Олардың кейбіреуі әбден қартайғанша өмір сүріп табиғи өлімімен өлген. Осыған байланысты М.Қ. Қадырбаевтың пікірі: «случае смерти своего хозяина такие лошади сопровождали его в «потусторонний мир». Только этим можно объяснить захоронение в богатых тасмолинских курганах старых лошадей 15-18 летнего возраста» (Кадырбаев, 1966, 413-б.).

Шығыс және оңтүстік-шығыс Қазақстан өңірлеріндегі ат әбзелдерінің эволюциясы

Шығыс және оңтүстік-шығыс Қазақстанда да сақ тайпалары қоныстанған басқа өңірлер сияқты мініс атын қолға үйретуді қарқынды дамытқан аймақтар қатарына жатады. Шығыс аймақтарының археологиялық ескерткіштері, бұл өңірлерде мініс атын басқару процесстері қарқынды дамығандығын көрсетеді. Алтай және Жетісу территорияларындағы жылқымен жерлеу және жерлеу орнына ат әбзелінің бұйымдарын бірге қою ғұрыптары біркелкі емес екендігін айта кеткен жөн. Жетісу өңіріндегі ескерткіштерден ат әбзелі бұйымдары өте аз табылған. Зерттеулер көрсеткендей ежелгі тайпалар ширатылған қайыстан жасалған жұмсақ ауыздықтарды және мүйізден жасалған сулықтарды пайдаланған.

Ж.с.д. VIII–VII ғасырларда ат әбзелдері күрделендірілген (14-сурет). Жұмсақ ауыздықтардың орнына қоладан жасалған, ұшы үзеңгі пішінді ауыздықтар, доғал, У тәрізді сулықтар алмастырады. Жүгендер жиынтығы әртүрлі жапсырмалар және әшекейлермен толықтырылады. Сонымен У тәрізді сулықтардың нақты Алтай өңіріне және оған жақын территорияларға тән екендігі қызық дерек болып тұр. Ұштары үзеңгі пішіндес етіп жасалған ауыздықтарға да қатысты осындай пікірді айтуға болады. С.С. Черников ұштары үзеңгі түріндегі ауыздықтарды алғаш пайдаланған аймақ Алтай деген пікірді атап айтқан (Черников, 1972, 34-б.). Яғни, ат әбзелінің сүйектен және мүйізден жасалған бөлшектерін ж.с.д. VIII ғасырда қоладан жасалған бөлшектер алмастырады. Басқаша айтқанда ж.с.д. VIII–VII ғғ. Алтай көшпелілері Қазақстанның ежелгі



7. Ж.с.д. VI–V ғғ. аң стилінде жасалған ат әбзелінің бұйымдары. Бесоба қорымы
Предметы конской сбруи конца VI–V вв. до н.э., выполненные в зверином стиле. Могильник Бесоба
Items of horse harness end of 6th-5th centuries BC, executed in animal style Burial ground Besoba

көшпелілері дәуіріндегі әскери істің және жылқы шаруашылығының дамуына үлкен үлес қосты.

Қазақ даласының шығыс өңірлеріндегі мініс атының әбзелдеріндегі үлкен өзгерістер пазырық кезеңінен (ж.с.д. VI–III ғғ.) басталған. Осы кезеңге тән археологиялық табылымдар Алтайдың визиткалық картасына айналды деуге болады. Бұл жерлеу ескерткіштеріндегі мумияланған жылқы қалдықтары, сонымен қатар, мәңгілік тоң арқылы бізге жеткен табылымдар арқылы түсіндіріледі. Зерттеушілердің пікірі бойынша, жылқымен жерлеу ғұрпы Алтай өңірінде іс жүзінде XX ғ. дейін сақталған. Пазырық кезеңінде қоладан жасалған бұйымдарды темір бұйымдар алмастырған. Сондай-ақ ат әбзелінің бөлшектері аңдардың, грифондардың және қиял-ғажайып жыртқыштардың басы түрінде жасалғанын байқаймыз. Одан бөлек жерлеу ескерт-

кіштерінде ауыздықтың ағаштан жасалып, алтынмен қапталған бөлшектері де сақталған. Ежелгі Алтайлықтардың жылқыға деген көзқарастары ерекше болған. Жерлеу ескерткіштерінде жылқыларды ер тұрманымен толық жабдықтап және тірі жылқы тәріздендіріп жүресінен жатқызып, басын көтеріп тұрған қалыпта қойылуы осыған дәлел. Осындай табылымдар арқылы археологтар жерлеу ескерткіштеріндегі жылқының құйрық жалы күзеліп, сәнделгендігіне көз жеткізді. Сонымен Алтай өңіріндегі жерлеу ескерткішіне жерленген жылқы саны пайыздық ара-қатынас бойынша Еуразия даласының басқа аймақтарына қарағанда басым түседі. Қатардағы жерлеу орындарында 3 жылқы, ал элиталы жерлеу орындарындағы жылқылар саны 22-ге дейін жетуі мүмкін. Жүген жиынтықтары күнделікті қолданылатын және салтанатты сәттерде пайдаланылатын болып екіге бөлінеді. Бай жерлеу орындарындағы ат әбзелдері өзінің құндылығымен ерекшеленеді. Жылқылардың бастарында таутекенің немесе бұғының мүйізі бекітілген, қиял-ғажайып аңның немесе құстың бейнесі түрінде жасалған бет перделер бар (15-сурет). Ат әбзелінің құндылығы және көптігі оның иесінің дәрежесін көрсететіндігі анық.

Шығыс Қазақстан территориясындағы Берел қорымы, 10-обадан қызықты жерлеу орны табылған, мұнда төмен температураның арқасында көптеген жәдігерлер жақсы сақталған. Обада кісі мәйітімен бірге 10 жылқы жерленген (16-сурет). Мұндағы ат әбзелдерінің жиынтығынан ағаштан қабанның азуы түрінде, құс тәрізді, балық, шөп қоректі жануардың басы түрінде жасалған салпыншақтар табылған (17-сурет). Ер тұрманның киіз жамылғысы да өте көркем безендірілген. Сонымен олардың бірінде денесі мысықтектес жыртқыш түріндегі сегіз сфинкс жүріп бара жатқан қалыпта бейнеленсе, басқаларында грифондар суреттелген (18-сурет). Жерленген жылқылардың бастарында таутекенің мүйізі орнатылған бет перделер бар. Берел қорымынан алынған материалдар бүгінгі күні қазақ даласындағы сақ тайпаларының мініс атының әбзелдерін қалпына келтіруде көп мәлімет беретін бірден-бір дерек көзі болып тұр. Зерттеушілер осыған қатысты келесі пікірді атап өткен: «Убранство каждого верхового коня состоит из узды, седла, ремней оголовья, нагрудных и подхвостных. Поскольку облик коней преображался в новый персонаж, то снаряжение дополнялись масками, чехольниками для челок (начельниками), грив (нагривниками) и хвостов (нахвостники). Ремни декорировались бляхами, различными по параметрам и насыщенности теми или иными образами, композициями, сюжетами, орнаментальными мотивами» (Самашев, Джумабекова, Базарбаева, 2010, 251–281-бб.).

Арал маңы сақ тайпаларының ат әбзелінің бөлшектері

Арал маңы тайпаларының мәдениеті археологтар үшін ұзақ уақыт құпияға толы болды, оның себебі бұл өңірге археологиялық зерттеу жұмыстарының жүргізілмеген еді. 1946 жылы С.П. Толстовтың ұйымдастырған археологиялық зерттеулерінің арқасында Арал маңы сақтарының ескерткіштері белгілі болды. Осы ескерткіштерге жүргізілген қазба жұмыстары Арал маңы сақтарының өзіндік сипатқа ие жерлеу ғұрпы және инвентарлары болғанын көрсетеді. Геродот бойынша Орта Азия территориясы, Сырдария және Амудария өзендері алқаптарын қоса алғанда, сақ тайпаларының қалыптасқан және мекен еткен аймақтары болған. Бұл пікірді ғалымдар да нақтылайды, олардың пікірі бойынша ж.с.д. I мыңж. бірінші жартысында Арал маңын сақ-массагеттер тайпалық одағына жататын тайпалар мекендеген. Қазақстан территориясындағы Арал маңы сақтарының біршама зерттелген ескерткіштері қатарына Ұйғарақ, Оңтүстік Түгіскен қорымдары және Шірікрабат қалашығы т.б. жатқызылады.

Арал маңы жалпы сақтар әлемі таралған ареалдардың бірі болғанына қарамастан, ғалымдар оны жеке тарихи-мәдени аймақ ретінде бөлген. Арал маңы сақтары ескерткіштерінің орналасу ерекшелігі, жерлеу ғұрпындағы айырмашылықтары, сонымен қатар материалдық мәдениетінің бұйымдарындағы өзгешеліктер осыған басты себеп болған. Сондай-ақ осындай ерекшеліктерді мініс атына тән әбзел бөлшектерін егжей-тегжейлі зерттеу барысында да көруге болады. О.А. Вишневский оны төмендегідей атап өткен: «… уйгаракское конское снаряжение – это один из вариантов конского снаряжения, распространенного в скифское время в степных районах Евразии, на Алтае и у саков Памира» (Вишневская, 1973, 111-б.).

Ат әбзелі бөлшектерінің басым бөлігі Ұйғарақ және Оңтүстік Түгіскен қорымдарын қазу нәтижесінде табылған. Қазақстанның басқа аймақтарындағы сақ обаларынан басты айырмашылығы бұл обаларда мініс атының иесімен бірге жерленбеуі болса, бұл жерден Арал маңы сақтарындағы жылқының О дүниедегі қызметі туралы түсініктің мүлде басқаша болғандығын көруге болады. Зерттеушілердің пікірі бойынша осындай ерекшеліктер өз бастауын қола дәуірінен алған. Дегенмен, осыған қарамастан сақтардың жерлеу орындарынан табылған табылымдардың көбі ат әбзелінің бөлшектері болып табылады. Сонымен мәселен, Ұйғарақ қорымында зерттелген обалардың жартысынан ат әбзелінің бөлшектері, ер және әйел адамның да жерлеу ескерткіштерінен табылған. Қалыптасқан ұстанымға сәйкес, ауыздық бөлшектері мәйіттің сол жағында немесе аяқ жағында орналасқан.

Басқа аймақтар сияқты Арал маңы да ежелгі көшпелілердің әскери ісі қарқынды дамыған аймақ болған. Бұл Еуразияның далалы аймақтарының барлығында орын алғандықтан ғана болған жоқ, мұндай үрдіске Орта Азияны бағындыру саясатын ұстанған, Кир және Дарий патшалар басқарған парсы әскерімен болған соғыстар әсер еткен болуы мүмкін. Басқа қырынан қарасақ, Арал маңындағы сақ тайпалары Қазақстанның басқа өңірлерін мекендеген көшпелі тайпалармен тығыз қарым-қатынаста болған. Осы аймақта тартпа айылбастарының ең көне бұйымдарының табылуы осыған дәлел болады. Ұштары үзеңгі пішінді етіп жасалған ауыздықтар сақтарға тән болған, сонымен қатар шығыршықты ауыздықтар да кездеседі (19-20-сурет). Қарастырылып отырған территорияда жорыққа мінетін аттарды басқаруды жетілдіру процестері де жүргізілген. Сонымен ж.с.д. VII–VI ғғ. ауыздық бөлшектерін жасаушы ұсталар ұштары үзеңгі пішінінде жасалған ауыздықтарды жетілдіруді, оның кейбір бөлшектерін өзгерту арқылы жасауға әрекет еткені байқалады.

Арал маңы шабандоздары қоладан және мүйізден жасалған сулықтарды пайдаланған. Мүмкін, олар Орталық және Шығыс Қазақстан территориясындағы сақ тайпаларының Аралға ықпал етуі нәтижесінде пайда болған болар. Оңтүстік Түгіскен қорымының материалдарындағы сақ тайпаларының ат әбзелдеріне талдау жұмыстарын жүргізген М.А. Итино және Л.Т. Яблонскийдің пікірі бойынша « они выглядят более модернизованными …» (Итина, Яблонский, 1997). Басқаша айтар болсақ, ат

әбзелдерінің кейбір бөлшектері нақты Арал маңына тән сипаттарымен ерекшеленеді. Мәселен, мүйізден және қоладан жасалған сулықтардың кейбір пішіндері тек Арал маңына ғана тән, сондай-ақ қоладан құйылған тұтас ауыздықтар және сулықтар табылған.

Сонымен ат әбзелдерінің құрамына басқа да әртүрлі бұйымдар кірді. Ат әбзелінің ауыздық пен сулықтан кейінгі, негізгі құрамдас бөлігі жүгеннің қайыстарын өзара байланыстыратын тоға болды. Жүгендер көп жағдайда күн жүйесі белгілерімен өрнектелген әртүрлі әшекейлер арқылы безендірілген. Тартпа айылбастарынан жануарлар бейнесін көруге болады. Мәселен, Ұйғарақ қорымындағы, 47-обадан табылған жүген жиынтығы өзінің нәзіктігімен ерекшеленеді, онда төрт доға, екі әшекей, елуге тарта тізілмелі әшекейлер және түйенің басы түріндегі маңдайша бар. Арал маңы сақтары ж.с.д. VII–VI ғғ. өзінде-ақ ер тұрманды пайдаланған.Ұйғарақ қорымынан тартпа айылбастары және мініс атының ер тұрманына қатысты көптеген бөлшектер молынан табылған.

Әдебиет

Акишев К.А. Саки азиатские и скифы европейские (Общее и особенное в культуре) // Археологические исследования в Казахстане. – Алма-Ата, 1973. – 43–60-бб.

Боковенко Н.А. Ранние формы скифо-сибирской узды // Тезисы докладов всесоюзной археологической конференции «Проблемы скифо-сибирского культурно-исторического единства». – Кемерево, 1979 – 67–70-бб.

Боковенко Н.А. Динамика развития конской сбруи в скифское время на Алтае (к проблеме цикличности инновации) // Преемственность и инновации в развитии древних культур. – Ленинград, Наука, 1981. – 55–57-бб.

Васильев В.Н. Развитие военного дела сарматов Приуралья в VII–II вв. до н.э. // Хронология памятников Южного Урала: Сборник статей. – Уфа, 1993 – 23–31-бб.

Вишневская О.А. Культура сакских племен низовьев Сырдарьи в VII–V вв. до н.э. –Москва, 1973. – 160 б.

Итина М.А., Яблонский Л.Т. Саки Нижней Сырдарьи (по материалам Южный Тагискен). – Москва, 1997. – 187 б.

Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры / Маргулан А.Х., Акишев К.А., Оразбаев А.М., Кадырбаев М.К. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата, 1966. – 383–388-бб.

Кузьмина Е.Е. Распространение коневодства и культа коня у ираноязычных племен Средней Азии и других народов Старого света // Средняя Азия в древности и средневековье (история и культура). Под ред. Б.Г. Гафурова, Б.А. Литвинского. – Москва: Наука, 1977. – 28–52-бб.

Кузьмина Е.Е. Кони степей Евразии в эпоху энеолита и бронзы // Кони, колесницы и колесничие степей Евразии. Коллективная монография. – Екатеринбург-Самара-Донецк. 2010. – 5–13-бб.

Самашев З., Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А. Конское снаряжение древних скотоводов Алтая: опыт реконструкции (по материалам кургана № 10 могильника Берел) // Археологический альманах. – № 21. – 2010. – 251–286-бб.

Смирнов К.Ф. Археологические данные о древних всадниках Поволжско-Уральских степей // СА. – № 1. – 1961а. – 46–72-бб.

Смирнов К.Ф. Вооружение савроматов // МИА. – 1961б. – № 101. – 162 б.

Черников С.С. К вопросу о датировке предметов звериного стиля в Восточном Казахстане // тез. докл. III Всесоюзной конференции по вопросам скифо-сарматской археологии (скифо-сибирский «звериный» стиль). – М., 1972.

СНАРЯЖЕНИЕ ВЕРХОВОЙ ЛОШАДИ ДРЕВНИХ НОМАДОВ КАЗАХСТАНА

Мамедов А.М.

Одним из великих достижений человечества, которое можно сравнить с освоением огня первобытным человеком в глубокой древности и космоса в новое время, является доместикация (одомашнивание) лошади. Одомашнивание человеком лошади – это действительно революционный скачок в истории человечества, которое стало возможным благодаря древнему человеку эпохи нео-энеолита. На территории Казахстана этот процесс стал возможным благодаря представителям ботайской культуры на севере Казахстана еще в энеолитическое время. Приручение лошади и использование его в продовольственных, хозяйственных и военных целях имеет достаточно долгую историю от начала IV тыс. до н.э. (по некоторым данным даже от V тыс. до н.э.) и до современности. По словам Е.Е. Кузьминой «…ни одно прирученное человеком животное не сыграло в истории человечества такой выдающейся роли, как конь. Он служил источником пищи, его использовали как главное средство транспорта и скотоводы, чтобы пасти скот, и земледельцы, чтобы вывозить урожай с полей, а позже и пахать, и торговцы, чтобы перевозить грузы на дальние расстояния, что способствовало установлению межкультурных связей. Приручение коня сделало возможным и дальние миграции» (Кузьмина, 2010, с. 5–6).

Еще с глубокой древности конь играл значительную роль, как в повседневной, так и в загробной жизни человека. Об этом ярко иллюстрируют археологические находки, выявленные в степной полосе Евразии. Особенно ярко оно проявляется в период бронзового века, в результате археологических раскопок в Урало-Казахстанских сте-



8. Батыс Қазақстан ежелгі көшпелілерінің айылбастары және блоктары
Подпружные пряжки и блоки ранних кочевников Западного Казахстана
Subbarry buckles and blocks of early nomads of Western Kazakhstan

пях находят захоронения коней (иногда вместе с предметами конской упряжи). Как отмечает один из знатоков древностей степной цивилизации К.Ф. Смирнов: «Погребенных коней мы склонны рассматривать как верховых лошадей, принадлежавших влиятельным представителям родов и главам больших семей, так как все эти погребения отличаются особым богатством погребального инвентаря и особым оборудованием самого погребального помещения. Об использовании лошади как верхового животного говорят и одновременные остатки конской уздечки». Действительно, на территории Казахстана были найдены немало наскальных рисунков и артефактов, свидетельствующих о развитии колесничего транспорта и верховой езды. Во II тыс. до н.э. в степях Казахстана начинают появляться костяные и роговые псалии (рис. 1). Отсутствие металлических удил позволяет предположить о том, что они изготавливались из ремня или скрученных сухожилий. Таким образом, можно сказать, что первые примитивные удила и псалии в степях Казахстана появились только в бронзовом веке и просуществовали до VIII–VII вв. до н.э. Наиболее ранние нам известны по памятникам эпохи палеометалла (рис. 3).

Ситуация начинает меняться с началом раннего железного века (от VIII в. до н.э. до V в. н.э.). В археологической литературе этот период не зря называют эпохой древних кочевников. Действительно, в силу сложившихся природно-климатических условий и неоднократных его изменений в степной зоне Евразии человек постепенно адаптировался к меняющейся природной среде, что привело к смене хозяйства и развитию кочевого уклада жизни. Военное дело, как и ведение кочевого хозяйства, являлось для кочевника одной из первостепенных задач. Широкие просторы Казахстана, практическое отсутствие естественных преград и сама кочевая экономика, где скот, как основной источник существования, мог легко отчуждаться, стимулировали постоянное развитие военного искусства, в том числе активное освоение верхового коня. Поэтому в курганах Казахстана одной из распространенных категорий инвентаря являются предметы вооружения и снаряжения коня, а роль оружия в кочевой среде, несомненно, высока. Известно, что во всей степной Евразии, у кочевников существовали очень схожие предметы вооружения и конского снаряжения. Это связано с быстрым распространением по степи новшеств в вооружении, во введение новых технологии, так как от этого во многом зависело само существование кочевых обществ.

По археологическим данным кочевники Казахстана выступают крайне военизированным обществом. Об этом свидетельствует большое количество воинской амуниции не только в мужских, но и в женских и детских погребениях. Многие кинжалы и мечи, а также предметы конской упряжи часто украшались зооморфными мотивами (волк, грифон, конь и т.д.). У кочевников большую часть воинского контингента составляли конные лучники. Сама среда обитания кочевников – степные пространства, диктовали высокую степень вооруженности, сложную структуру оружейного комплекса, постоянную модернизацию тактики и, в целом, развитие военного искусства.

Как и другие предметы вооружения, снаряжение верховой лошади является одним из основных источников изучения проблемы формирования и развития кочевнических культур Евразии. Кроме того, исследование предметов конского снаряжения, выполненных в зверином стиле, дает возможность исследовать мировоззрение племен Казахстана. Вместе с тем предметы узды и седельных ремней выступают надежными индикаторами при датировании археологических комплексов.

Как было уже отмечено, в раннем железном веке в степях Евразии происходили большие изменения, затронувшие все сферы жизни кочевых племен Евразии. Значительные изменения претерпевает и снаряжение верхового коня. Пожалуй, одним из передовых достижений этого времени является усовершенствование удил и изобретение подпружных пряжек. В VIII–VII вв. до н.э. на смену мягким костяным пришли более жесткие бронзовые, а затем, в конце VI–V вв. до н.э. и железные удила. Как отмечал К.Ф. Смирнов «Введение усовершенствованных бронзовых удил – большой скачок в истории коневодства и военного дела древних племен юга нашей страны. Только оно создало возможность эффективно использовать лошадь в хозяй-

стве и в военных целях» (Смирнов, 1961б, с. 77). Эти изменения, вероятнее всего, произошли в силу военных требований того времени. В раннем железном веке роль всадника как боевой единицы и коня в кочевом обществе увеличивается. Этим, скорее всего, и объясняется увеличение в погребальных памятниках костей целых туш лошадей или их отдельных частей и предметов конского снаряжения.


Сравнение предметов верховой езды сакских племен казахских степей позволяет выделить четыре основных региона, где активно происходило формирование и эволюция снаряжения верхового коня.

Снаряжение верховой лошади Западного Казахстана

Для кочевника степной полосы Евразии, в том числе и Западного Казахстана, где боевой конь в древности играл немаловажную роль, первостепенной задачей являлась управление им. Поэтому в курганах археологи довольно часто находят предметы, принадлежащие к снаряжению верховой езды.

В эпоху древних кочевников происходило бурное развитие военного дела: усовершенствовались методы ведения боя, создавались новые виды вооружения и конского снаряжения, а также улучшались способы управления конем. В стороне не осталось и население Западного Казахстана. Вероятно, первоначально древнее население для управления применяли мягкие удила, изготовленные, вероятно, из ремня и сухожилий (рис. 2). Более достоверным по археологическим данным является появление в VIII–VII вв. до н.э. металлических удил. Скорее всего, с этого времени начинается эпоха всадничества, когда на арену выходит всадник как отдельная боевая единица. Именно с началом раннего железного века происходит динамичное развитие военного дела в среде ранних кочевников Западного Казахстана, где боевой конь играл первостепенную роль. Об этом, наряду с письменными источниками, в первую очередь свидетельствуют археологические находки. Археологами на основе анализа предметов конского снаряжения было отмечено, что кочевники постоянно совершенствовали способы управления конем и предметы конской сбруи. Так, например, при раскопках в Западном Казахстане были найдены разнообразные удила и подпружные пряжки, которые должны были способствовать надежному управлению коня. Кроме того, мы наблюдаем большое их разнообразие. Это говорит в первую очередь, как указывалось выше, о поисках кочевниками новых элементов конской сбруи для лучшего управления верховым конем. Эти изменения, скорее всего, были вызваны не только открытостью степи и самим кочевым хозяйством древних номадов, но, вероятно, и появлением совершенного другого врага. Все эти процессы, то есть активное развитие военного дела особенно активизировались в VI–IV вв. до н.э. Именно к этому периоду, кроме существования разнообразных предметов верховой езды, относятся появление длинных всаднических мечей длиной до 1 м, длинных копий. При раскопках даже были найдены предметы защитного вооружения, изготовленные из металла и кости. То есть среди воинского контингента появились тяжеловооруженные всадники как ударная сила.

На территории Западного Казахстана на сегодня не известны бронзовые удила VIII–VII вв. до н.э. Но они хорошо представлены в прилегающих соседних регионах. Обычно они стержневидные, в сечении круглые, место соединения загнуты в кольцо. Окончания удил, как правило, имеют округлую или стремевидную форму. Еще К.Ф. Смирнов отметил, что эти формы удил в южно-приуральских и западноказахстанских степях появились под влиянием культурных заимствований с Северного Причерноморья и Северного Кавказа. Здесь же стоит добавить, что бронзовые удила со стремевидными окончаниями большое распространение имели во многих регионах Евразии, особенно в Сибири, Центральном Казахстане и Приаралье, на Алтае. Анализ погребального обряда и материальной культуры позволяет говорить о больших культурных влияниях с этих регионов на формирование и развитие культуры кочевников Западного Казахстана. Удила со стремевидными окончаниями вышли только в одном из курганов могильника Сапибулак, расположенном в бассейне р. Илек (рис. 3).




9. Орталық Қазақстандағы Атасу қонысынан табылған, сүйектен жасалған сулық
Костяные псалии от узды эпохи бронзы из поселения Атасу в Центральном Казахстане
Bone hymns from the bridle of the Bronze Age from the Atasu settlement of Central Kazakhstan

В конструкции узды верхового коня значительные изменения происходят в конце VI–V вв. до н.э. Появляются железные удила, которые постепенно вытесняют бронзовые. Железные удила изготавливались из круглых или прямоугольных в сечении стержней, концы которых загибались в петлю. Псалии получили название «двудырчатые» по двум отверстиям, расположенным на равном расстоянии от центральной части изделия (рис. 4). В степях Южного Приуралья и Западного Казахстана они появились в конце VI–V вв. до н.э. и использовались до IV в. до н.э. Изучение псалиев говорит о том, что население рассматриваемой территории имели контакты, как с западными, так и с восточными регионами. Например, некоторые из разновидностей псалии хорошо известны в более ранних археологических памятниках Северного Причерноморья и Северного Кавказа. Другие же получили распространение, благодаря контактам с населением к востоку от Уральских гор, особенно с Южной Сибирью и Алтаем.


В целом, устройство узды верховой лошади Южного Приуралья и Западного Казахстана мало отличалось от других регионов степной и лесостепной Евразии. Обязательными элементами для всех регионов является наличие суголовных, наносных и подбородных ремней, которые соединялись и крепились при помощи различных распределитей и застежек (рис. 5). На рассматриваемой территории они главным образом изготавливались из бронзы, нередко из железа. Зачастую на этих предметах мы наблюдаем зооморфные образы степной фауны.

Ранние кочевники Южного Приуралья и Западного Казахстана в раннем железном веке, судя по находкам бронзовых и железных колец, служивших подпружными блоками и пряжками, были хорошо знакомы с седлом. В случаях нахождения в погребальных комплексах целых скелетов лошадей обычно такие кольца находились по их бокам. Этот факт позволил ученым с уверенностью говорить об использовании всадниками седла. Как справедливо считает К.Ф. Смирнов, кочевники, скорее всего, использовали мягкое седло. Однозначным также является факт, что затягивание и завязывание подпружных ремней производилось с левой стороны. Хотя в раннем железном веке, вероятно, существовали различные способы застегивания подпружных ремней (рис. 6). Стоит отметить, что снаряжение верховой лошади Южного Приуралья и Западного Казахстана в целом представляет собой один из вариантов общего типа конского убора, характерного для всей степной Евразии.

Все предметы снаряжения верхового коня Западного Казахстана изготовлены из бронзы и железа, художественному оформлению которых кочевники запада казахских земель придавали особое значение. Поэтому в декоре большинства из них мы наблюдаем образы животного мира. Большую популярность и массовое распространение в степях Западного Казахстана имели предметы верховой сбруи и упряжи, которые довольно часто украшались различными образами из животного мира (рис. 7). Большинство предметов в основном были найдены в погребальных комплексах кочевой элиты второй половины I тыс. до н.э. бассейна р. Урал и ее притоков – Илека и Орь. Интересны в художественном отношении бронзовые псалии, окончания которых выполнены в виде голов волка, лошади, верблюда, кабана, грифона и т.д. В большинстве случаев образы животных передаются мастерами вполне реалистично



10. Жүгеннің қола бұйымдары. Орталық Қазақстан. Тасмола I, Толағай қорымдары
Бронзовые изделия от узды лошади. Центральный Казахстан, могильники Тасмола I, Толагай
Bronze items from the bridle of a horse. Central Kazakhstan, the burial grounds of Tasmola I, Tolagay



11. Тасмола қорымының қола бұйымдары. Орталық Қазақстан
Бронзовые изделия могильника Тасмола. Центральный Казахстан
Bronze products of the Tasmola burial ground. Central Kazakhstan

и с экспрессией. Зачастую волки и верблюды изображаются с оскаленной пастью, у орлов-грифонов – клювы грозные и массивные. Не меньше впечатляют находки подпружных пряжек в кочевнических погребениях Западного Казахстана. Некоторые из них, как например, подпружная бляха с могильника Бесоба выполнена в виде стоящего двугорбого верблюда с оскаленной мордой. С этого же памятника происходят две пряжки в виде двух борющихся верблюдов. Другие же аналогичные изделия изготовлены в виде свернувшегося в кольца хищника. На третьей находке такой пряжки изображена сцена терзания кошачьими хищниками копытного животного (рис. 8).

Эволюция конского снаряжения Центрального и Северного Казахстана

Население Центрального и Северного Казахстана достаточно давно, еще с глубокой древности, было знакомы с верховой ездой. Ярким примером, свидетельствующим о знакомстве древнего населения с верховой ездой, являются находки костяных удил на поселениях Атасу и Чаглинка и в кургане-ограде 1 могильника Айдабуль эпохи бронзы (II тыс. до н.э.) (рис. 9).

В раннем железном веке степи Центрального и Северного Казахстана населяли сакские племена, оставившие нам такие знаменитые памятники как Тасмола, Карамурун, Нурманбет, Кенес и т.д. Древние кочевники были носителями тасмолинской археологической культуры, впервые выделенной известным казахским археологом Миром Касымовичем Кадырбаевым.

Снаряжение верхового коня древних кочевников не были обойдены вниманием и М.К. Кадырбаевым, проанализировавшим все известные ему предметы снаряжения верхового коня. Как и в других регионах на рассматриваемой территории тасмолинцами активно велось освоение верхового коня. Об этом свидетельствует разнообразие предметов конской сбруи (рис. 10–12). Еще М.К. Кадырбаевым для Центрального Казахстана были выделены четыре основных типа удил, использовавшихся номадами начала – середины I тыс. до н.э. Основная масса их была изготовлена из бронзы, имеют стремевидные окончания. Встречаются также кольчатые удила. При этом как отмечает ученый они «не являются специфичными только для Центрального Казахстана. Они широко распространены на Алтае, в Южной Сибири, известны в Семиречье и на Восточном Памире» (Кадырбаев, 1966, с. 384). Это в первую очередь, говорит не только о динамичном развитии снаряжения верхового коня, но и культурных контактах древнего населения Евразии. Как утверждает исследователь, появление некоторых удил в Казахстане, в том числе и в Сарыарке, есть результат контактов сакских племен с далекими земледельческими цивилизациями. По его мнению, это могло произойти в VII в. до н.э. в период походов скифо-сакских племен в Переднюю Азию. По мнению других ученых, формирование удил и псалиев у тасмолинских племен происходило в результате контактов с саками Южного и Юго-Восточного Казахстана. Так, например, К. и А. Акишевыми было высказано мнение, что тасмолинцы переняли конструкцию узды у саков Приаралья и Семиречья.

Саки Центрального Казахстана придавали значение и художественному оформлению предметов конской сбруи. Ярким примером этого являются находки в одном из курганов могильника Тасмола V уникальных железных псалиев и наременных уздечных бляшек, инкрустированных золотом. Великолепна также деталь сбруи из это-



12. Тасмола қорымының қола бұйымдары. Орталық Қазақстан
Бронзовые изделия могильника Тасмола. Центральный Казахстан
Bronze products of the Tasmola burial ground. Central Kazakhstan

го же кургана, выполненная в виде скульптуры козлов (рис. 13). Конская узда VII–VI вв. до н.э. состояла из двух ремней суголовья, скреплявшихся на затылке сложным узлом, намордного и подбородочного ремней.

Как и в Западном Казахстане в конце VI – V вв. до н.э. сакские племена Центрального и Северного Казахстана меняют некоторые элементы конской сбруи. На смену сложным бронзовым удилам приходят двукольчатые.

Роль коня у древнего общества была, несомненно, высока и он ценился кочевниками. По мнению ученых степные племена занимались породообразованием. Особо почитались строевые лошади, которые являлись собственностью воинов. Некоторые из них доживали до естественного возрастного предела, то есть до старости. Как отмечает М.К. Кадырбаев в «случае смерти своего хозяина такие лошади сопровождали его в «потусторонний мир». Только этим можно объяснить захоронение в богатых тасмолинских курганах старых лошадей 15-18-летнего возраста» (Кадырбаев, 1966, с. 413).

Эволюция конского снаряжения Восточного и Юго-Восточного Казахстана

Восточный и Юго-Восточный Казахстан, как и многие другие регионы, заселявшиеся сакскими племенами, выступает территорией, где происходило динамичное освоение верхового коня. Археологические памятники восточных регионов показывают, что здесь активно шел процесс совершенствования способов управления конем. Стоит отметить, что находки погребения с конем и предметами конской сбруи на территории Алтая и Жетысу неравномерны. В Жетысу артефакты верхового коня обнаружены крайне слабо. Как показывают исследования, древние племена использовали мягкие удила из скрученных ремней и роговые псалии.

К VIII–VII вв. до н.э. конская сбруя усложняется (рис. 14). На смену мягким приходят бронзовые удила со стремевидными окончаниями, дуговидные, У-образные псалии. Уздечный набор дополняется новыми элементами в виде разнообразных блях и пряжек. При этом интересен тот факт, что У-образные псалии характерны именно для Алтая и близлежащих территорий. Тоже самое можно сказать и об удилах со стремевидными окончаниями. Как отмечал С.С. Черников, Алтай был тем регионом, откуда берет начало использования стремевидных удил (Черников, 1972, с. 34). То есть с VIII в. костяные и роговые элементы конской сбруи заменяются бронзовыми. Другими словами, кочевники Алтая внесли огромный вклад в VIII–VII вв. в развитие военного дела и коневодства Казахстана эпохи древних номадов.

Большие изменения в снаряжении верхового коня востока казахских земель происходят в пазырыкский период (VI–III вв. до н.э.). Можно сказать, что археологические находки этого времени представляют собой визитную карточку Алтая. Это объясняется сохранностью мумицированных останков, погребенных лошадей, хранящихся в вечной мерзлоте до наших дней. Обряд захоронения коней на Алтае по данным исследователей сохранился практически вплоть до XX в. В пазырыкский период на смену бронзовым изделиям приходят железные. При этом на предметах конской сбруи мы наблюдаем элементы, выполненные в виде голов животных, грифонов и фантастических зверей. Кроме того, в могилах хорошо сохранились деревянные предметы узды, которые нередко обложены листовым золотом. Отношение древних алтайцев к лошадям было особенным. Свидетельством тому являются их положение в могилах как живых лошадей с приподнятой головой, в полном снаряжении, то есть внузданными и оседланными. Археологам удалось проследить, что гривы коней подстрижены, хвосты разделены в пряди и перевиты. Вместе с тем, в процентном соотношении на Алтае количество погребенных лошадей превышает другие регионы степной Евразии. В рядовых могилах находят до 3 лошадей, а в элитных – до 22. Уздечные наборы на Алтае делились на повседневные и церемониальные. В богатых погребениях снаряжение лошади отличается пышностью. На головах имели уборы-маски с рогами горного барана или оленя, фантастических животных или птиц (рис. 15). Несомненно, количество и убранство коня подчеркивало статус хозяина.

В Восточном Казахстане интересное погребение было обнаружено в кургане 10

могильника Берел, где за счет низкой температуры сохранилось большое количество находок. В могиле вместе с погребенным были захоронены 10 лошадей (рис. 16). В наборах коней обнаружены деревянные подвесные бляхи, имитирующие кабаньи клыки, в виде птицы, рыбы, головы травоядных животных и т.д. (рис. 17). Войлочные покрытия седел также богато украшались. Так, на одном из них было изображены восемь шествующих сфинксов с телами кошачьих хищников, на других показаны грифоны (рис. 18). На головах погребенных лошадей были отмечены рога горного козла, венчающие наголовную маску. Материалы могильника Берел на сегодня остаются одним из информативных источников для реконструкции образа верхового коня сакских племен Казахстана. Как отмечают исследователи «Убранство каждого верхового коня состоит из узды, седла, ремней оголовья, нагрудных и подхвостных. Поскольку облик коней преображался в новый персонаж, то снаряжение дополнялось масками, чехольниками для челок (начельниками), грив (нагривниками) и хвостов (нахвостники). Ремни декорировались бляхами, различными по параметрам и насыщенности теми или иными образами, композициями, сюжетами, орнаментальными мотивами» (Самашев, Джумабекова, Базарбаева, 2010, с. 251–281).

Снаряжение коня саков Приаралья

Культура приаральских племен долгое время оставалась загадкой для археологов, так как памятники этого региона долгое время оставались неизученными. Первые памятники саков Приаралья стали известны благодаря С.П. Толстову, организовавшему в 1946 г. первые археологические исследования. Раскопки этих памятников показали, что культура саков Приаралья была своеобразной, с характерной для нее погребальной обрядностью и инвентарем. Согласно Геродоту, территория Средней Азии, включая бассейн рек Сырдарьи и Амударьи, была регионом, где формировались и проживали сакские племена. Это подтверждают и ученые, по мнению которых в Приаралье в первой половине I тыс. до н.э. проживали кочевые племена, относящиеся к сако-массагетскому союзу племен. На территории Казахстана наиболее изученным памятникам саков Приаралья являются могильники Уйгарак, Южный Тагискен, городище Чирик-Рабат и т.д.

Несмотря на то, что Приаралье является одним из ареалов общесакского мира, ученые выделяют его в отдельный историко-культурный регион. Причиной этому стали особенности расположения памятников саков Приаралья, специфичность погребального обряда, а также предметы материальной культуры. Кроме того, этот факт выясняется и при детальном изучении фурнитуры верхового коня. Как отмечает О.А. Вишневская «…уйгаракское конское снаряжение – это один из вариантов конского снаряжения, распространенного в скифское время в степных районах Евразии, на Алтае и у саков Памира» (Вишневская, 1973, с. 111).

Основная масса предметов конского снаряжения были найдены в результате раскопок могильников Уйгарак и Южный Тагискен. Отличительной особенностью этих памятников по сравнению с курганами других регионов Казахстана является отсутствие захоронения боевых лошадей, что, по-видимому, свидетельствует о несколько других представлениях саков Приаралья по поводу роли коня в загробной жизни. Как отмечают исследователи, эта особенность здесь, возможно, имеет истоки еще с эпохи бронзы. Но, несмотря на это обстоятельство, предметы сбруи являются одной из характерных и довольно часто встречаемых категорией находок в погребениях саков. Так, например, в могильнике Уйгарак предметы уздечного набора обнаружены почти в половине исследованных погребений, причем как в мужских, так и в женских. Как правило, предметы узды находились слева или в ногах погребенного.

Как и другие регионы, Приаралье был регионом, где шло динамичное развитие военного дело древних номадов. Это было вызвано, видимо не только тем, что данный процесс проходил повсеместно по всей степной полосе Евразии, но и в связи с боевыми столкновениями саков с армией персидских царей Кира и Дария, проводивших завоевательную политику в Средней Азии. С другой стороны, саки Приаралья активно контактировали с кочевыми племенами, населявшими другие регионы Казахстана. Свидетельством тому является факт того, что на данной территории встречаются наиболее ранние экземпляры предметы упряжи. Наиболее характерными для саков были удила со стремевидными окончаниями, встречаются также кольчатые удила (рис. 19–20). На данной территории также проходил процесс улучшения управления боевым конем. Так, мастерами-производителями предметов узды



13. Қоладан жасалған таутекелер мүсіні. Орталық Қазақстан, Тасмола V қорымы
Бронзовые скульптуры козлов. Центральный Казахстан, могильник Тасмола V
Бейсенов А.З. Новые памятники тасмолинской культуры в Центральном Казахстане // «Маргулановские чтения». Сборник Материалов научной конференции. – Алма-Ата, 1989. – p. 214-217

Варфоломеев В.В. Кент и его округа // Степная цивилизация Восточной Евразии. Древние эпохи. – Астана, 2003. – Т. 1. – p. 88–108.

Геродот, IV. 9-10. – ВДИ. – 1947. – № 2. – 260 p.

Скрипкин А.С. Азиатская Сарматия: проблемы хронологии и её исторический аспект. – Саратов: Изд-во СГУ, 1990. – 300 p.

Самашев З.С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. – Алма-Ата: Гылым, 1992. – 288 p.

Самашев З.С., Ермолаева А.С., Лошакова Т.Н. Поселение Токсанбай // Отчет об археологических исследованиях по государственной программе «Культурное наследие-2006». – Алматы, 2006. – p. 188–189.

Самашев З., Ермолаева А., Кущ Г. Древние сокровища Казахского Алтая. – Алматы: Өнер, 2008. – 199 p., ил.

Самашев З., Онгар А., Оралбай Е., Киясбек Г. Храм-святилище Кызылуийк. – Астана: Изд. группа ТОО «Археология», 2011. – 200 p.

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК АТТАРЫ

Ахметжан Қ.С.

Көшпелі жауынгер – қашанда атты жауынгер болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында айтылғандай «Бес қаруын асынған салт атты сарбаз тарих сахнасына көшпенділер құрған айбарлы империялар шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған салт атты батыр бейнесі – қаһармандық дәуірдің ең танымал эмблемасы және көшпелілер әлемінің айырықша «мәдени коды», оның қалыптасуы салт атты әскердің пайда болуымен байланысты». Қазақ батырлары да осындай тұлпар мініп, ту ұстаған салт атты жауынгер болатын, олар – бар өмірлерін соғыста, ат үстінде өткізген кәсіби әскерилер еді. Сондықтан қазақ батырының соғыста мінетін жауынгерлік аты – оның жорықтағы айнымас досы, әскери өмірінде сенімді серігі, ұрыста ең бірінші көмекшісі, тіпті қорғаушысы да болған. Қазақтардың халықтық жадында ұлы қаһармандардың, батырлардың есімімен бірге олардың аттарының есімдері де берік сақталған. Мысалы, мифтік қаһарман Ер Төстіктің Шалқұйрығы, эпостық батыр Қобландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, XVIII ғасырдағы ұлы батыр Қабанбайдың Құбасы сияқты ұлы жауынгерлік аттардың есімдері халық санасында бүгінге дейін ұмытылмай жетті. Сол себепті батырлар туралы сөз қозғағанда олардың жауынгерлік аттары туралы айтпау мүмкін емес.

Қазақтың халық ауыз әдебиетінде батырлардың соғысқа арнайы мінетін жауынгерлік аттары «қазанат» деп аталады.

Астына керек қазанат,
Беліне керек шарболат.
«Қобыланды батыр» (Ақсауыт, 1977, Т.1, 32-б.)

Жиылып келген азамат,
Баламыз бен екеуміз
Барамыз мініп қазанат.
«Ер Бегіс» (Қазақ халық әдебиеті, 1989, Т. 5, 245-б.)

Қазанат – арнаулы мақсатпен сұрыпталып өсірілген қазақтың асыл тұқымды жылқыларының ерекше түрі. XIX ғасырлардағы ауызша және жазба деректерде қазақтар мұндай жылқы тұқымын арғымақтар мен далалық қазақы жылқы тұқымдарын (арғымақтар айғырын жабы биелерімен) будандастыру арқылы алғаны айтылады. Қазанат арғымақтың жүйріктігін, ұшқырлығын, жабының төзімділігін, аштыққа, суыққа шыдамдылығын қабылдаған (1-сурет). Х. Бабаджанов: «...Ішкі ордада мұндай қасиеті бар, будандасқан жылқыларды қазанат деп атайды...», - десе,. Түркістан жылқы тұқымдары туралы жазған (1895) орыс зерттеушісі В. Фирсов «...Қазанат қазақы биелерін жүрдек те таза қанды айғырлармен будандастырудан шығады...Қазақтар қазанатты барлығынан жоғары қояды... себебі қазақ биесінің тұқымы басқа тұқыммен қосылғанда, тек солардың жақсы қасиеттерін алады, өзінікін де жоғалтпайды...» деп жазады (Ер қанаты, 1987, 26-б.). Бұл қасиеттері үшін қазақтар қазанатты өте жоғары бағалап, «Жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек» деп, жабы түгіл арғымақтан да артық санаған. Ауыз әдебиетінде, жыраулар поэзиясында жабы айғырлардан жауға мінетін ат тумайтыны, тек арғымақ айғырдан туған қазанат қана соғысқа, шабуылға лайықты екені айтылады.

Жал құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз!..
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас.
Бұхар жырау (Алдаспан, 1970, 151-б.).

Арғымақтан туған қазанат
Шабуыл салса нанғысыз.
Махамбет Өтемісұлы (Бес ғасыр жырлайды, 1984, Т. 1, 213-б.)


Орта Азияда бұл тұқымды «қарабайыр» деп атап, қатты құрметтеген (Ер қанаты, 1987, 15, 22-б.). Қазақтар да қазанатты кейде қарабайыр деп атайды.

Қарабайыр қазанат
Қара жолда қалдырмас.
Қара жолда қалдырып,
Қанатыңды талдырмас.
Қазақ мақалы.

Қазанат тұқымы – батырлар арнайы соғыста міну үшін өсірілген жылқы тұқымы болды. Қазақтар өте ертеден соғысқа арналған жауынгерлік қаруды «ер қаруы» деп атайтыны сияқты, соғысқа арналып өсірілген бұл жауынгерлік атты да ерекшелеп «ер аты» деп атады.

Сан жорғаны алмадым,
Ер аты деп таңдадым.
Айыл-тұрман әбзелін
Ертеден бастап сайладым.
Төстік саған арнадым,
Жабы емес, қазанат,
Ер серігі қолғанат
Шалқұйрықты мін, Төстік!
«Ер Төстік». (Қазақ халық әдебиеті, 1989, Т. 4, 14-б.)

Қазанаттың сырт келбеті (экстерьері) де ер атына сай болды. Оның дене бітімінен жүріктік те, күште бірдей сезілген. Ауыз әдебиетінде суреттелуіне сүйенсек оның омырауы үлкен, кеудесі кең, салпы ерінді, күпшек санды, тұяғы үлкен, жалпақ, толарсағы жіңішке, шоқтығы биік, құйрық жалы қысқа және сұйық, басы онша үлкен емес, танауы кең, мойны жуан болған (1-сурет, 3). Яғни қазанат – ауыр сауыт киіп, қару асынған батырды көтеретін, жорықта ұзақ жолға шыдамды, соғыста шаршамайтын, айқаста қару тіресіне мықты, т.б ерекше қасиеттері бар қазақтардың әскери жылқы тұқымы (Ахметжан, 2008, 1–2-б.).



1. Қазанаттың шығу тегі. 1 – арғымақ, 2 – жабы, 3 – қазанат. Қ.С. Ахметжанның суреті
Схема происхождение казаната. 1 – аргамак, 2 – джабы, 3 – казанат. Рис. К.С. Ахметжан
Origin of the Kazanat. 1 - argimak, 2 - zhabi, 3 - kazanat. Photo by K.S. Akhmetzhan

Жаугершілікпен өмір сүрген көшпелі түркі халықтарында бұл жылқы тұқымы өте ертеден өсірілген. Қытай жазба деректерінде көне түркілерде жергілікті жылқыларды араб жылқыларымен (арғымақтармен) будандастыру арқылы алған асыл жылқы тұқымдары болғаны айтылады. Орта ғасырлық өнер ескерткіштерінде осындай көне түркілер қазанатының бейнелерін көруге болды (2-сурет, 1). Түркі қағандары осындай жылқыларды кейін қытай императорына сыйға жіберіп отырған. Қытайдың Тан династиясының атақты императоры – Тай-цзунның соғысқа мінген алты тұлпары мен он жауынгерлік аттары көшпелі түркілерден алған осындай аттар болған. Иесін талай айқаста аман сақтап қалған бұл аттардың суреттері императордың әмірімен кейін тасқа қашалып салынып (2-сурет, 2), императордың өзі оларға мадақ жыр арнаған (Шефер, 1981, с. 90, 100–102). Мұндай жылқы тұқымдарын ортағасырлық қыпшақтар да өсірген болу керек. Ибн Батута индустандықтардың соғыс мақсаты үшін қолданатын шабысты да күшті аттарды Дешті-қыпшақтан сатып алатынын, соғыс кезінде оларға сауыт кигізетінін жазады (Прошлое Казахстана, 1997, с. 89).

Қзақтарда жауынгерлік ат ретінде қазанатты өсірудің, тәрбиелеудің, баптаудың арнайы әдістері, жолдары, белгілі бір дәстүрі болды. Ер атын баптау ұзақ жылдар бойы жүргізілетін, аттың құлын кезінен басталып, жеті-сегіз жасына дейін созылатын күрделі процесс болған. Фольклорлық деректерге сүйенсек, бұл процесстің мынандай негізгі сатылары бар:

1. Атқа арнаулы киіз үй құрып, құлынды соның ішінде бағу. Бұл әдіс, қазіргі асыл тұқымды жылқы заводтарындағы сияқты, асыл мал түлігін организмі бекігенше қатты ыстық пен суықтан қорғап, яғни белгілі бір температуралық режимде сақтап өсіру мақсатынан туындаған.

2. Құлынды тамақтандырудың арнаулы технологиясын ұстану. Бойына күш-қуат жинап өсуі үшін құлын кезінде ғана емес, тай-құнан кезінде емін-еркін, арда емізу. Белгілі бір қасиеті бар сүтпен (құлықтың, қысырдың сүтімен) емізу, түрлі ауырудан сақтау үшін дәрілеген жем беру тәсілдерін қолдану.

3. Дөнен кезінде (төрт жаста) мойнына арқан байлап үйрету, жаттықтыру.

4. Аттың бел күшін арттыру үшін бесті кезінде байтал, бедеу биелерге салу.

5. Алты жасында ақтату. Қазақтардың дәстүрінде жауынгерлер соғысқа мінетін аттары міндетті түрде ақталған ат болуы тиіс еді.


6. Жеті жасында, кейде сегіз жасында жорыққа міну. Яғни жауынгерлік ат ретінде дайындалған қазанат жеті-сегіз жасқа дейін мінілмеген.

Қазанаттар арнаулы әдістер арқылы бапталуымен қоса соғысқа арналып арнайы да жаттықтырылып, жан-жақты дайындықтан өткен. С. Шаухаманов «Тас таптаған тарланбоз..» атты мақаласында көнекөз қариялардан естіген мынадай мәліметті келтіреді. «Бағзы заманда қазақтар 12 жасар баласының қолына садақ беріп, жай оқпен салы құлаш жіппен қазыққа байланған құлынды бес жыл бойы күніне әлденеше рет аттырып, жаттықтырады екен. Сол бала 17-ге келгенде, дөнен де садақ оғын дарытпайтын дайындық жаттығудан өтіп, шиыршық атқан. Содан ұрыстарда жауынгер түгілі, оның аты да садақ оғынан жалтарып отыратын болған» (Шаухаманов, 2002, 112-б.). Ауыз әдебиетінде жекпе-жек айқас кезінде батырлардың жауынгерлік аттары атылған оқтан түрлі тәсілмен жалтару арқылы (жоғары келген оқтан бұға қалып, төмен келген оқтан жоғары секіріп, ортадан келген оқтан оңға не солға бұлтарып) иесін қорғағаны жиі айтылады. Атылған оқтың тиер тұсын дәл сезініп, соған сәйкес қорғану тәсілін дұрыс таңдай білу үшін (және де қас-қағым сәттің арасында) ат әрине көп жылдық жаттығудан өтуі тиіс еді. Батырлардың өзі сияқты арнаулы тәрбиеден, жаттығулардан өткен, сан түрлі айқастарды шыныққан жауынгерлік аттардың әскери кәсіпке қажетті сезімталдығы да дамып-жетіліп, қәуіпті сезетін инстинкті қалыптасатын болған. Сондықтан батырлық жырларда, ертегілерде батырдың жауынгерлік аттарының жауды сезіп, иесіне кісінеп хабар беретіні, түрлі қауіптен құтқаратыны, жауға тыстамайтыны айтылуы фольклордағы әсірелеу емес, олардың астарында жаугершілік өмірдің нақтылы тәжірибесі жатыр деп санаймыз (Ахметжанов, 1996, 34–40-бб.). Осындай ерекше қасиеттеріне және әскери кәсіпте маңыздылығына байланысты, қазақ батырлары өзінің батырлық жолын әдетте жауынгерлік атын таңдаудан бастайтын. Фольклорлық деректерде жас батыр өзінің жауынгерлік тұлпарын көбіне нағашыларынан барып алатыны айтылады, бұл да бұрынғы кезде қазақтарда белгілі бір салт болған сияқты.

Батырлар өздерін жауынгерлік сауыт-саймандарымен жабдықтағаны сияқты, жан серіктері жауынгерлік аттарын да жаудың қаруынан қорғайтын сауытпен жарақтаған. Түркі халықтарының тілінде ат сауыты «кежім/кедім/кеджим/кижим» деп аталады (Словарь тюркизмов в русском языке, 1976, с. 185; Будагов, 1871, Т. II, с. 117; Этимологический словарь тюркских языков, 1997, с. 19). Ат сауыты мағынасында «кедім» (кежім) сөзі көне түркі жазба ескерткіштерінде кездеседі. Күлтегінге арналған көне түркі тас жазуында былай делінеді: «Үчінч Иегін Сіліг бегің кедімліг торық ат бініп тегді. Ол ат анта өлті» (Айдаров, 1995, 178 б.). Алғашқыда бұл сөз түркі тілінде аттың жабуының атауы болды, кейін бұл сөздің ат сауытының атауына да айналуы жауынгерлік аттың қорғаныс жарағы ат жабуларын түрлі әдістермен күшейту арқылы жасалғанын куәләйді. Бүгінде ат сауытының қолданыстан шығуымен бұл «кежім» сөзінің қазақ тілінде әшекейленген, алтындалған ат жабуы деген мағынасы ғана сақталған. Қазақтарда мұндай салтанатты көркем ат жабуларының - кежімдердің үш түрі бар. Бірінші түрі - аттың сауырын ғана жауып тұратын жеңіл түрі, бұл үлгідегі жабулар мақпалдан, киізден, матадан жасалып, кестеленіп оюланды (3-сурет, 1). Бұл үлгідегі жабулар пішіні жағынан төрт бұрышты, трапеция пішінді болып келеді, шеттері шашақпен әшекейленді. Ат жабуының екінші түрі – аттың сауырымен қоса оның кеудесін, екі бүйірін бірдей жауып тұрады. Жабудың екі ұшы аттың кеуде тұсында қосылып, кейде бау арқылы байланып, кейде тұтастай тігілуі мүмкін. Бұл жабулар да матадан, жұқа киізден жасалып немесе кілем, алаша сияқты жүннен тоқылды (3-сурет, 2). Жабудың үшінші күрделі түрі - аттың басынан бастап сауырына дейін бүкіл денесін түгел жауып тұрады. Бұл жабу түрінің аттың басына киілетін бөлігінде құлағы өткізілетін екі тесігі болады (3-сурет, 3). Өнер ескерткіштеріне сүйенсек, жабудың аттың басын, мойынын, сауырын жауып тұратын бөліктері кейде бөлек те жасалып, жеке-жеке немесе бір-бірімен қосылып қолданылғанын көреміз (4-сурет, 1-4). Жабу жүннен тоқылса кілем, алаша сияқты оюланып тоқылып, матадан жасалса беттері жібек немесе алтын жіптермен кестеленіп әшекейленді, олардың етегі, әдетте, жібек, жүн жіптермен өріліп, шашақталып көркемделді. Батырлар өздерінің жауынгерлік



2. Қазанаттар бейнелері.
1) Көне түркі петроглифіндегі түркілік қазанаттың бейнесі. VI–VIII ғғ. 2) Түркі қазанатының ортағасырлық қытай өнеріндегі бейнесі (Император Тай-цзунның атақты жауынгерлік атының таста қашалған суреті), VII ғ. 3) Орта Азиялық миниатюрадағы қарабайырдың (қазанаттың) бейнесі. XV ғ. 4) Қазанат мінген қазақ батыры. XVII–XVIII ғғ. Қ.С. Ахметжанның суреті
Изображение коня породы казанат на памятниках искусства. 1) Изображение казаната на петроглифе древнетюркского времени. VI–VIII вв. 2) Образ тюркского казаната в средневековом китайском искусстве (изображение на каменном рельефе одного из знаменитых боевых коней императора Тай-цзуна). VII в. 3) Изображение карабаира (казаната) в среднеазиатской миниатюре. XV в. 4) Казахский батыр на казанате. XVII–XVIII вв.
Рис. К.С. Ахметжан
The images of the Kazanats. 1) The image of the Kazanat in the ancient Turkic phetrogliph VI-VIII centuries. 2) The Turkic khanas later donated these horses to the Chinese emperor. The famous Emperor Tai-tzun's battle horses stone painting, VII century. 3) The images of karabayir (kazanat) on the Central Asian miniatures. XV century. 4) The Kazakh hero the Kazanat. XVII-XVIII centuries. Photo by K.S. Akhmezhan




3. Қазақтың сәнді ат жабуының – кежімнің түрлері. XIX ғ.
Виды «кежима», украшенной конской попоны. XIX в.
The Kazakh people have different types of kezhim. XIX century

аттарына арнап, күмістелген, алтындалған жүген, ер-тұрман жасатып, үстіне осындай кестеленген, оюланған сәнді жабулар жапқан. Аттың үстіндегі бұл сәнді жабулар иесінің қоғамдық статусына сай салтанаттың бір белгісі болды.

Көшпелі халықтарда жауынгерлік аттың қорғаныс жарағы осындай ат жабуларын түрлі әдіспен күшейтуден пайда болған. Сондықтан аттың қорғаныс жарағының жалпы формасы, оның бөліктері жабудың формасын, бөліктерін қайталайды. Ат сауытының да жиектерінде шашақтары болады, сауытты шашақтармен әшекейлеу де ат жабуынан ауысқан (5-сурет). Аттың денесін қорғайтын сауыттарды жасағанда көшпелі халықтардың қару-жарақ жасаушы шеберлері жауынгерлерге арналған сауыттарда қолданылатын технологиялар мен материалдарды пайдаланып жасады. Берік ат сауыттары металдан (қоладан, темірден, болаттан), қатты теріден, сүйектен жасалды, ал жеңіл сауыттарды жасауға жұмсақ материалдар - маталар, киіздер пайдаланылды.

Көшпелі халықтарда атты қарудан қорғауға арналған алғашқы жарақ түрлерін ж.с.д. VI–IV ғғ. сақ-скифтерде кездестіреміз. Көне грек тарихшысы Геродот өз кітабында массагеттердің аттарын кеудесін мыс сауытпен қорғағанын жазады (Геродот, 1972, 215 с). Ал археологиялық материалдарға сүйенсек, ғұндардың жауынгерлері (ж.с.д. III ғ.) өз аттарының басын қола маңдайлықтармен, аттың кеудесін аттың қылынан тізілген кеуделік жабумен қорғаған (7-сурет, 1). Яғни сақ, ғұндарда жауынгерлік аттың қорғаныс жарақтары атты алдыңғы жақтан келетін қару соққысынан қорғауға ғана арналған болатын. Жазба және бейнелік дереккөздері аттың денесін түгелдей қорғайтын ат сауыты көшпелі халықтарда II–IV ғғ. қолданысқа енгенін дәлелдейді. Осы кезеңдегі сарматтардың ауыр қаруланған атты әскері – катафрактарийлар өз жауынгерлік аттарын оның бүкіл денесін қорғайтын сауытпен жарақтаған (6-сурет, 1,2). VI–VIII ғасырларда көне түркі қағанының ауыр қаруланған жеке гвардиясының - түркі әскерінің басты соққы берушуі күші болған «бөрілердің» жауынгерлік аттарының қорғаныс жарағы темір тіліктерден теріліп жасалған, бірнеше бөліктен тұратын ауыр ат сауыты болды (6-сурет, 3,5; 7-сурет, 2). Жеңіл қаруланған түркі жауынгерлерінің аттары жұмсақ материалдардан - жібектен бірнеше қабаттап тігіліп жасалған жеңіл ат сауытымен жарақталды (6-сурет, 4).

Монғол шапқыншылығы кезіндегі монғолдардың ауыр қаруланған атты әскерінің ат сауыты да осындай болды. Орта ғасырда монғолдардың теріден не темір көбеден жасалған ат сауыты туралы сол кезде монғол елінде болған итальян саяхатшылары В. Рубрук, П. Карпинидің еңбектерінде айтылады. Монғолдардың ат сауытын жасау әдісін сипаттап жазып кеткен Плано Карпини ат сауытының бес бөліктен тұратынын, сауыт бөліктері жіңішке темір немесе тері тіліктерінен жасалып, өзара



4. Кежімнің бөліктері мен оның түрлері. Қ.С. Ахметжанның суреті.
Части попоны «кежим» и их виды. Рис. К.С. Ахметжан
The kezhim's parts and its differs. Photo by K.S. Akhmetzhan

қайыс баулармен байланатынын жазады. «Ат жарағы бес бөліктен құралады. Атты құйрығынан басына дейін жауып тұратын, бір жағында бір бөлігі, екінші жағында екінші бөлігі болып, олар ердің тұсындай байланады. Аттың мойнына, сауырына бір-бір бөліктен салынады да, олар аттың екі бүйіріндегі бөліктеріне байланып бекітіледі. Сауырындағы бөлігіне аттың құйрығы өткізілетін тесік жасалынады. Кеуде тұсына тағы бір бөлік салынады. Барлық бөліктер тізеге дейін түсіп тұрады. Аттың маңдайына темір тақталар салынып екі жағынан бағанағы айтылған бөліктермен байланыстырылады...» (Карпини, 1911, с. 44).

Алтын Орда және оның ыдырауы барысында пайда болған көшпелі түркі мемлекеттерінде XIV–XV ғасырларда кіреукелі және кіреукелі-пластиналы ат сауыттары қолданысқа енді (7-сурет, 4). Әдетте ауыр сауыттың астынан аттың денесіне жұмсақ жабу салынып, оның шеті шашақталып сауыттан төмен түсіп тұрды. Бұл кезеңдегі кейбір жеңіл ат жарағы жұмсақ матадан қабаттап тігіліп, бірнеше жерлерден дөңгелек метал тақталармен күшейтілген жабу түрінде де болды (7-сурет, 3). Көшпелі халықтардың ат сауыттарының барлық түрі жоғарыда айтылғандай негізгі бес бөліктен құралды. Сауыттың жеке бөліктері бір-бірімен қайысбаулар арқылы байланды. Аттардың басын темір томағалар қорғады (6-сурет, 7-10). Әрине жауынгерлік аттарын бұлайша ауыр сауытпен толық жарақтауға жауынгерлердің бәрінің мүмкіндігі бола бермегенін айта кету керек. Мұндай сауыттар соғыста жауға негізгі соққы беретін атақты батырлардың аттарында ғана болды. Жауынгерлердің көпшілігінде әрине ат сауыты болған жоқ немесе оның жекелеген бөліктері ғана қолданылды.

Қазақ хандығының құрылу кезеңіндегі (XV–XVI ғғ.) қазақтың атақты батырлары мінген жауынгерлік аттарының сауыты да Алтын Орда дәстүрін жалғастырды (7-сурет, 4). Бастауын Ноғайлы заманынан алатын қазақтың батырлық жырларында (мысалы «Ер Тарғын» жырында) жиегі шашақталған ат сауыты мен аттың басына кигізілген томағасы айтылады.

Бұл әскерді көрген соң
Сарала туы салбырап,
Сауытының шашағы
Тұс-тұсынан саудырап.
Томаға көзді тарланды
Жауға қарай тебініп,
Жалмауыздай емініп,
Толып жатқан әскерге
Келді Тарғын желігіп. -
«Ер Тарғын» (Ақсауыт, 1977, Т.1, 296-б).

Кейін XVII ғасырдан бастап отты қарудың қолданысқа кеңінен енуімен, ауыр қаруланған атты әскердің қажеттілігі болмай, қазақ жауынгерлері аттарын кіреукелі жеңіл сауыттармен қорғай бастады (8-сурет). XIX ғасырдағы орыс авторы А.К. Гейнс өзінің «Киргиз-кайсаки в Зауральской степи» деген еңбегінде қазақтардың кіреуке сауыттары бар екенін, кіреуке сауытпен өздерінің аттарын да қорғағанын жазады (Собрание литературных трудов А.К. Гейнса, 1897, Т. 1, с. 73).

Жауынгерлік ат көшпелі халықтарда көне заманнан табыныс объекті болды. Көшпелі түркі халықтарының көне сенімдері бойынша жылқы аспан текті жануар саналды. Көшпелі халықтар мифологиясы бойынша жылқы мифтік әлемнің үш дүниесін – аспан, жер және жер асты (су) дүниесін бірдей мекен ететін киелі жануар. Көшпелілердің байырғы өнер ескерткіштерінде жерді мекен ететін жылқыдан басқа, қанатты аспан аттары мен балық денелі су жылқыларының бейнелері бар. Көне мифтік сарындар сақталған қазақ эпостары мен ертегілерінде басқа дүниеден келетін осындай қанатты тұлпарлар, шамандардың көмекші рухтары сияқты, батырлардың да көмекші мифтік рухтары. Олармен батырлар да шаман-бақсылар сияқты мифологиялық әлемнің үш дүниесінде (жоғарғы аспан дүниесінде, ортаңғы дүние – жер бетінде және төменгі жер асты дүниесінде) саяхат жасайды. Сондықтан бұрынғы кездерде көшпелі халықтар адамның бұл дүниедегі жан серігі болған аттары оған о дүниеде де қызмет етеді деп сеніп, оларды иесімен бірге жерлейтін болған. Археологиялық қазбаларда табылған осындай аттар қаңқалары және мұзды тоңда тұтастай сақталған денелері өте ертеден көшпелі халықтарда мініс пен сойысқа арналған табындық қарапайым жылқы тұқымдарымен бірге, жүйріктігімен ерекшеленген асыл тұқымды сәйгүліктерді де өсіргенін куәләйді. Бұл сәйгүліктерді әрине әулетті адамдар, ру басылар, батырлар ұстаған. Олардың ер тұрмандары сәнді жасалып, түрлі символдық бейнелермен әсемделген. Қазақ халқының санасында сақталған бұл көне сенімдер Ислам дінін қабылдағаннан кейін де жойылмай, мұсылман мифологиясындағы жылқының киелілігі, ержүрек, батыл адамдар үшін жаратылғаны, құйрық жалы ізгілікке толы екені, жын-шайтаннан, зұлым күштерден қорғайтыны туралы түсініктермен толығып, бірігіп, жылқының киелілігі туралы наным-сенімді арттыра түсті.

Сондықтан қазақ батырлары үшін де оның жауынгерлік аты осындай киелі, қасиетті жануар болды. Олар өз аттарын түркі халықтарының мифологиясындағы қанатты Тұлпарға, мұсылман мифологиясындағы қанатты Пыраққа (әл-Бурақ), Хазрет Әлінің аңызға айналған аты - Дүлдүлге теңеген. Қазақтар болашақ батыр болатын бала туғанда, оның аты да бірге туады, ал иесі қайтыс боларда аты бірнеше ай бұрын өледі деп сенген. Қазақтардың жерлеу салты бойынша батыр өлгенде оның аты тұлданып, аттың құйрық-жалы күзеліп, тұл ат жыл бойы мінілмей, бір жылдан соң марқұмның асына сойылды. Осылайша батырдың жауынгерлік аты оған өмірінің аяғына дейін талмай қызмет етіп, о дүниеге де бірге аттанған.

Сонымен, сөзімізді түйіндейтін болсақ, «ер аты» (жауынгерлік ат) ретінде қолданылған қазанат тұқымы көшпелі қоғамда кәсіби әскерилер болған батырлар әлеуметтік жігімен (сословиесімен) тікелей байланысты болды. Әскери кәсіппен айналысатын адамдарға арналып сұрыпталып өсірілгендіктен, осыған сәйкес көп жыл бойы арнайы баптауды, тәрбиелеуді, жаттықтыруды қажет ететіндіктен бұл жылқы түрін ел қорғап, өмірі соғыста өтетін, әскери іспен кәсіби деңгейде айналысқан, қоғамның билеуші тап өкілдеріне жататын, белгілі дәрежеде материалдық байлық иелері болған батырлар әулеттері ғана ұстаған. Өкінішке орай, XIX ғасырдың аяғында қазақ қоғамында бұл әлеуметтік топтың жоғалуымен бірге қазақ жылқысының бұл тұқымы да құрып, қазанат тұқымын баптау, сұрыптау, өсіру дәстүрі де ұмытылды.

Әдебиет

Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. Зерттеунама. – Алматы: «Ана тілі», 1995 – 232 б.

Ақсауыт. Екі томдық. – Т. 1: Батырлар жыры / Құраст., алғы сөзін, түсініктерін жазған О. Нұрамағамбетова. – Алматы: Жазушы, 1977. – 367 б.

Алдаспан. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ ақын–жырауларының шығармалар жинағы / Құраст., баспаға әзірлеген, алғы сөзін. түсініктерін жазған М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1970. – 280 б.

Ахметжан Қ.С. Ер аты / Замана желімен жарысқан - Қазанат. Ұлттық құндылықтарға арналған ғылыми-танымдық журнал. 2008. №1-2.

Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). – Алматы: Дәуір, 1996. - 256 б.

Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. - Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1984. – 256 б.

Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий в двух томах. - Т.II. - СПб.: Типография Императорской Академии наук, 1871. – 416 с.

Геродот. История в девяти книгах. – Л.: Наука, 1972. – 600 с.

Ер қанаты. – Алматы: Қайнар, 1987. – 328 б.

Карпини Иоан де Плано. История Монгалов. Де Рубрук Вильгельм. Путешествия в Восточныя страны. Введение, перевод и примечания А.И. Малеина. – Спб: Издание А.С. Суворина, 1911. – 224 с.

Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық / Қаз ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. - Т. 4: Ертегілер / Жауапты шығарушы А. Айдашев. – Алматы: Жазушы, 1989. – 304 б. суретті.

Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық / Қаз ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. – Т. 5: Батырлар жыры /Құраст. О. Нұрмағамбетова. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б. суретті.

Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Под ред. проф. Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.А. – 2-е издание. - Алматы: Қазақстан, 1997. - Сб. 1: (V в. до н.э.-XVII в.н.э.). – 383 с.

Словарь тюркизмов в русском языке / Составитель Шипова Е.Н. – Алма-Ата: Наука Каз ССР, 1976. – 444 с.

Собрание литературных трудов А.К. Гейнса. Т.1. - С-Пб., 1897. - 590 с.

Шаухаманов С. Тас таптаған тарланбоз...// Таң-Шолпан. Әдеби-көркем, көпшілік журналы. Алматы, 2002. №4. - 116-136 б.

Шефер Э. Золотые персики Самарканда. Книга о чужеземных диковинах в империи Тан. – М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1981. 608 с. с ил.

Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские лексические основы на буквы «К» (-«Г») и «Қ» (-«К»).Выпуск первый. - М.; «Языки русской культуры», 1997. – 368 с.

БОЕВЫЕ КОНИ КАЗАХСКИХ БАТЫРОВ

Ахметжан К.С.

Кочевник воин всегда был воином-всадником. Как сказано в статье «Семь граней Великой степи» Елбасы Нурсултана Назарбаева: «Всадник на коне, вооруженный луком, пикой либо саблей, стал своеобразным символом эпохи, когда на авансцену истории выходили могущественные империи, созданные кочевыми народами. Изображение конного знаменосца – наиболее узнаваемая эмблема героической эпохи и особый «культурный код» кочевого мира, формирование которого связано с зарождением всадничества». Такими конными витязями были и казахские батыры – наследники этой героической эпохи, представители социальной прослойки профессиональных воинов казахского общества, вся жизнь которых проходила в седле с копьем в руках и в постоянных походах и битвах, защищая свою страну от внешних врагов. И боевой конь для казахского батыра был верным другом в этих походах, первым помощником в бою, надежным спутником в его военной жизни. Не зря боевого коня казахи называли «Ер қанаты» («Крылья воина»). Историческая память казахского народа сохранила вместе с именами своих великих героев и имена их легендарных боевых коней, как например, Шалкуйрук – мифического героя Ер Тостика, Тайбурыл – конь эпического кипчакского батыра Кобыланды, Кубас – знаменитый конь великого казахского батыра XVIII в. Кабанбая или Актабан – конь Исатая Тайманова, вождя народного востания против русского царизма в XIX в. Поэтому наше представление о казахских батырах было бы неполным, без знания истории и особенностей их боевых коней.

Боевых коней батыров в устной литературе казахов называют «казанат».

Астына керек қазанат,
Беліне керек шарболат.
(На пояс (воину) нужен булат,
Под седло - нужен казанат).
«Қобыланды батыр» (Ақсауыт, 1977, 32 б.).

Жиылып келген азамат,
Баламыз бен екеуміз
Барамыз мініп қазанат.
(Собравшиеся сограждане,
Мы с сыном вдвоем
Отправляемся оседлав казаната).
«Ер Бегіс» (Қазақ халық әдебиеті, 245 б.)


(Здесь и далее перевод отрывков фольклорных текстов сделан нами – А.К. Перевод не литературный, а подстрочный, для точной передачи смысла слов текста).

Казанат – это особый вид казахских высокопородных лошадей, выведенный путем народной селекции специально для военной цели. Устные материалы и письменные источники XIX в. свидетельствуют, что эту породу коней казахи получали путем скрещивания (будандастыру) высокопородных аргамаков со степной породой «джабы». Для этого жеребцов брали из чистопородных туркменских и арабских аргамаков, а кобылу – из джабы. Как метисная порода, казанат получал от своих родителей их лучшие качества, он перенимал от аргамака его резвость, быстрый бег, скорость, а от джабы выносливость, стойкость к жаре и холоду, к дальним переходам (рис. 1). В устной народной литературе подчеркиваются именно эти особенности породы казаната. За эти качества казахи высоко ее ценили, и говорили: «Среди лошадей есть разные, но особенным среди них является казанат», ставили его не только выше джабы, но и выше аргамаков. Ходжа Мухаммед-Салык Бабаджанов, первый казах, писавший в XIX в. об этнографии своего народа, в статье «Лошади и их испытания во Внутренней киргизской орде сообщал: «...Во Внутренней орде таких скрещенных лошадей, обладающих такими характеристиками называют казанат ...» (Ер қанаты, 1987, 22 б.). А русский исследователь В. Фирсов (1895), изучавший лошадиные породы Туркестана, писал, что казанат получают путем скрещивания казахских кобыл с резвыми чистокровными жеребцами, что казахи ценят казанат больше всех, потому что потомство казахской кобылы смешиваясь с другими породами, берет у них лучшие качества, но и свои хорошие качества не теряет (Ер қанаты, 1987, 26 б.). В произведениях казахских воинов-поэтов - жырау также отмечаются, что от жеребцов «джабы» не родится конь, на котором можно было бы отправится на битву с врагом, и что только высокопородный казанат – потомство от жеребцов аргамака достоин для использования на войне.

Жал құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз!..
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас.
(Соблазняясь густотой хвоста и гривы,
Не пускайте жеребца джабы на кобыл.
Если пустите жеребца джабы,
Не родится конь для использования на войне.
Бұхар жырау (Алдаспан, 1970, 151 б.).

Арғымақтан туған қазанат
Шабуыл салса нанғысыз.
(Казанат, рожденный от аргамака
Невероятен во время атаки в бою).
Махамбет Утемисулы (Бес ғасыр жырлайды, 1984, 213 б.).

В Средней Азии такую метисную породу называли «карабаиыр» (Ер қанаты, 1987, 15, 22 б.). Карабаирская порода лошади в Средней Азии ценились очень высоко, они использовались как парадные выездные кони. Бухарский хан дарил их своим придворным наравне с аргамаками. Казахи тоже называют казанат «карабайыром».




5. Ортағасырлық көшпелілер ат сауытының бөліктері. Қ.С. Ахметжанның суреті
Части конских брони средневековых кочевников. Рис. К.С. Ахметжан
The parts of medieval nomads horse chainmail. Photo by K.S. Akhmetzhan

Қарабайыр қазанат
Қара жолда қалдырмас.
Қара жолда қалдырып,
Қанатыңды талдырмас.
(Казанат карабаиыр
Не оставит тебя на черной дороге,
Бросив на черной дороге,
Не ослабит твои крылья).
Казахская пословица.

Казанат был породой лошади, специально выведенной для использования ее как боевого коня. Как воинское оружие казахи называют «ер каруы» (оружие воина), так и казаната, выращенного для военной цели, в соотсветствии с его предназначением, называли «ер аты» - «конь воина».

Сан жорғаны алмадым,
Ер аты деп таңдадым.
Айыл-тұрман әбзелін
Ертеден бастап сайладым.
Төстік саған арнадым,
Жабы емес, қазанат,
Ер серігі қолғанат
Шалқұйрықты мін, Төстік!
(Многих иноходцев отклонила,
А его выбрала как коня воина,
Седло и всю сбрую,
Заранее приготовила.
Тостик, для тебя предназначен,
Не джабы, а казанат,
Друг и помощник воина,
Садись на Шалкуйрук, Тостик).
«Ер Тостик» (Ертегилер. т. 4. 14 б.).

И внешний вид (экстерьер) казаната соотвествовал его назначению. В его конституции одинаково ощущались и мощь, и сила, и резвость. Лошади этой породы были сильные, резвые, отлично преодолевали препятствия, легко двигались, были поворотливы, выносливы, поэтому были незаменимы также и на охоте, и в народных воинских играх типа «кокпар (козлодрание)». Судя по описаниям в фольклорных источниках, грудь у казаната мускулистая, широкая, ноги крепкие, тонкие лодыжки, крупные копыта, холка высокая, спина прямая с короткой и широкой поясницей, длинный, слегка спущенный круп, хвост и грива не очень густая, небольшая голова, широкие ноздри, толстая шея. Такими описываются боевые кони в поэзии воинов-жырау. То есть казанат – казахская порода боевого коня, способного вынести условия дальнего похода, неутомимого в битве, стойкого в боевой схватке с противником, предназначенного для несения батыра, экипированного тяжелыми доспехами и вооруженного различным оружием, и обладающего всеми качествами, необходимыми в военных условиях.



У кочевников, такую породу лошадей разводили с древних времен. В китайских источниках сообщаются, что у древних тюрков были высокопородные кони, выведенные скрещиванием местных пород с арабскими скакунами. Арабские породы лошадей появились на территории Средней Азии и Казахстана вместе с вторгавшимися сюда завоевателями – арабами в VII в. Видимо, высококровную помесную породу лошадей типа казаната тюркские племена стали разводить уже в этот период. Изображения таких типов лошадей древних тюрков можно видеть и на памятниках средневекового искусства (рис. 2, 1). Лошадей этой породы тюркские каганы часто отправляли в дар императорам Китая. Шесть боевых скакунов-цзюнь и десять боевых коней знаменитого китайского императора

6. Көшпелі халықтардың әр дәуірлердегі ат сауыттары (өнер ескерткіштері мен археологиялық материалдар бойынша). 1, 2 – Сарматтардың ат сауыттары. II ғ. 3–5 – Көне түркілердің ат сауыттары. VI–VIII ғғ. 6 – Алтын Орда заманындағы ат сауыты. XV ғ. 7–10 – Аттың басын қарудан қорғайтын металл жарақтар: 7, 8 – скифтердің қола ат маңдайлықтары, ж.с.д. IV ғ.; 9 – ғұндардың қола ат маңдайлықтары, ж.с.д. III ғ.; 10 – қыпшақтардың темір ат томағасы, XII ғ.

Конское защитное снаряжение кочевых народов разных эпох (по археологическим и иконографическим материалам). 1, 2) Конские доспехи сарматов. II в. 3–5) Конские доспехи древних тюрков. VI–VIII вв. 6) Конский доспех периода Золотой Орды. XV в. 7–10) Металлические защитные наголовники коней (7, 8 – бронзовые конские налобники скифов, IV в. до н.э.; 9 – бронзовые конские налобники хуннов, III в. до н.э.; 10 – железная конская маска кыпчаков, XII в.)

The horse armors of various centuries of nomads (by monuments of art and archeology materials). 1, 2 – The horse chainmail of Sarmat. II century. 3-5 – The ancient Turkic horse chainmails. VI-VIII centuries. 6 – The horse chainmail of Golden Horda time. XV century. 7-10 – The horses' head is guarded by iron helmets: 7, 8 – The Scythians bronze headbands, and the chest was fully covered the head of the horse, IV century BC.; 9 – The Huns bronze headbands for chest protection of the horse, III century BC.; 10 – The Kipcaks iron horse helmet, XII century

династии Тан – Тай-цзуна были такими конями, полученные от кочевых тюрок. Изображение этих лошадей, возившие Тай-цзуна в опасных походах и битвах, по его приказу, за их боевые заслуги, были высечены на каменных плитах (рис. 2, 2), а сам император посвящал им хвалебные оды и музыку. После смерти Тай-цзуна эти рельефы были установлены около его Лучезарной Гробницы в Шэньси, а затем их перенесли в музеи (Шефер, 1981, с. 90, 100–102). Гривы каменных коней показаны уступами-пучками, в соответствии с художественной традицией, которая была широко распространена в Центральной Азии и Сибири, что свидетельствует о тюркском происхождении этих скакунов. Если сравнить китайские изображения таких коней с изображениями коней воинов на тюркских петроглифах, а также с изображениями карабаиров на среднеазиатских миниатюрах, то можно увидеть схожесть их общего экстерьера (рис. 2). Внешняя характеристика коней на этих изображениях соответствует также и описанию казанатов в устной казахской литературе. Такую породу лошадей разводили, видимо, и средневековые кыпчаки. Ибн Батутта писал, что индустанцы покупают дашти-кыпчакских лошадей, что их используют не для скачек, а для военных целей, как крепких и шагистых; на войне на них надевают брони (Прошлое Казахстана..., 1997, с. 89).

У казахов были специальные методы выращивания, воспитания, дрессуры казаната, как боевого коня, выработанные в результате многовекового опыта и которые имели свои особенности, отличные от дрессуры скаковых коней. По фольклорным сведениям воспитание боевого коня «ер аты» было длительным процессом, который начинался с его рождения и длился до семи-восьмилетнего возраста, включал специальное условие содержания, особые способы кормления, определенные методы обучения и тренировки. Этот процесс имел следущие основные этапы:

1) Жеребенка казаната почти круглый год содержали в специальной юрте. Этот способ преследовал цель соблюдения определенного температурного режима содержания, для предохранения потомства лошадей от сильного холода и жары, и соответствует современному заводскому содержанию племенных пород.

2) Применение специальной технологии кормления. Жеребенку позволяли свободно сосать молоко матери до трехлетнего возраста. Поили дополнительно молоком молодых и нежеребых кобылиц, кормили специальными кормами с лекарственными добавками.

3) В четырехлетнем возрасте, привязав на шею длинный аркан, начинали обучение и дрессировку с привязью.

4) В пятилетнем возрасте для укрепления силы коня, его пускали на молодых кобылиц.

5) В шесть лет проводили кастрацию. В казахской традиции воины использовали для войны только меринов.

6) Только в семилетнем, иногда восьмилетнем возрасте объезжали коня, и оседлав ездили на нем в военный поход. То есть пока будущий боевой конь не окрепнет полностью и не войдет в силу, на нем не ездили.

Кроме этих обязательных способов воспитания казаната, его, как боевого коня, специально тренировали, всесторонне готовили для войны. С. Шаухаманов в статье «Тас таптаған тарланбоз..» приводит такое сведение, записанное со слов старых аксакалов. «В давние времена 12-летнему мальчику в руки давали лук и он тренировал предназначенного для него жеребенка, привязав его длинной веревкой на колышек и стреляя в него стрелами, и он это делал несколько раз в день в течении пяти лет. Когда мальчику исполнялось 17 лет, его пятилетний конь, был уже обучен уклоняться от стрел во время боя» (Шаухаманов, 2002, 112 б.). Здесь описан один из видов совместных тренировок будущего воина и его будущего боевого коня, который начинался с их малолетства. В устной литературе часто описывается, как боевые кони батыров, спасают своего хозяина во время воинских поединков, увертываясь различным способом от стрел противника (пригнувшись от стрелы, летящей сверху; прыгая вверх – от стрелы, летящей снизу; увиливая влево или вправо от стрелы, летящей прямо). Чтобы предвидеть направление летящей стрелы, в соответствии с этим мгновенно среагировать и выбрать способ уклонения от него, лошадь должна была пройти многолетную особую тренировку. Видимо, пройдя через такие специальные боевые подготовки, дополнительно закалившись в различных битвах, боевой конь приобретал неоходимые для военного дела навыки и умения, у него постепенно развивался инстинкт предвидеть опасность, защитные рефлексы, чувство верности к своему хозяину и т.д. Поэтому считаем, что когда в героических эпосах, богатырских сказках описывается, как боевые кони батыров предчувствуя появления врага, своим ржанием сообщают об этом своему хозяину, как спасают героя в трудные моменты, все это – не просто фольклорные преувеличения, а в основе всех этих ситуаций лежит конкретные примеры из военной практики (Ахметжанов, 1996, 34–40 б.). Для профессионального воина-батыра владение таким конем было жизненно важным условием его успешной воинской жизни, поэтому у казахов свой воинский путь будущий воин обычно начинал с выбора коня. В фольклорных источниках молодой батыр берет своего боевого коня у деда или дяди по матери, видимо, в прошлом у казахов это была сложившаяся традиция.

Кочевые воины защищали своих коней от оружия противника специальной конской броней. В тюркском языке конский доспех называется «кежім/кедім/кеджим/кижим» (Словарь тюркизмов в русском языке, 1976, с. 185; Будагов, 1871, с. 117; Этимологический словарь тюркских языков, 1997, с. 19). Слово «кедім» (кежім) в значении конского доспеха встречается уже в древнетюркских письменных памятниках. В памятнике принцу Культегину говорится: «Учінч Иегін Сіліг бегің кедімліг торық ат бініп тегді. Ол ат анта өлті» (В третий раз атаковал, сев на защищенного доспехом гнедого коня Иегин Силиг бека. Этот конь погиб в том бою). (Айдаров, 1995, 178 б.). Вначале слово «кедім» в древнетюркском языке было названием конской попоны, позже стал также означать и конский защитный доспех, и это является свидетельством того, что конское защитное снаряжение развилось путем укрепления различными способами конской попоны. Сегодня с исчезновением конских доспехов, в казахском языке слово «кежім» сохранилось только в значении декоративной попоны, украшенной золотыми вышивками. У казахов существуют три вида таких богато украшенных попон «кежім». Первый вид – это легкая попона, закрывающая только круп коня, попоны такого типа шили из сукна, бархата, тонкого войлока, украшали

вышивкой (рис. 3, 1). Эти попоны имели прямоугольную или трапециевидную форму, края отделывались бахромой. Второй вид попоны прыкрывает вместе с крупом коня, его бока и грудь. Два конца попоны соединялись на груди коня, иногда завязывались шнурами или сшивались цельно. Эти попоны также шили из ткани, войлока или как ковры и паласы ткали из шерстяной пряжи (рис. 3, 2). Третий сложный вид попоны закрывал все тело коня с головы до хвоста. На конце попоны, прикрывающей лоб коня имелись отверстия для ушей (рис. 3, 3). Данные иконографии показывают, что части такой попоны, закрывающие голову, шею, круп коня, иногда изготавливались отдельно, использовались самостоятельно, или все вместе (рис. 4, 1–4). Тканые попоны ткались узорчатыми, как ковры или паласы, попоны, изготовленные из ткани, украшались вышивками шелковыми нитями или золотой канителю, края декорировались кистью и бахромой из шелковых или шерстяных ниток. Для своего коня батыры заказывали украшенные серебром, золотом уздечки, седло и сбрую, покрывали такими вышитыми, узорными парадными чепраками. Такие богатые попоны на коне были знаком престижа, соответствующим высокому статусу его владельца.

У кочевников конское защитное снаряжение развилось через усиление таких попон различными способами. Поэтому общая форма защитного снаряжения коня, форма отдельных частей соответствует формам попоны и его частей. Традиция украшения бахромой и кистью края конских доспехов также перешло от них (рис. 5). При изготовлении конских доспехов оружейные мастера кочевых народов применяли технологии и материалы, используемые для изготовления доспехов воинов. Прочные доспехи изготавливались из металла (бронза, железо, сталь), твердой кожи, кости, а для легких доспехов применялись мягкие материалы – ткани, войлок. Первые виды конского защитного снаряжения, предназначенного для предохранения коня от оружия противника появились у кочевых народов уже в VI–IV вв. до н.э. Древнегреческий историк Геродот в своей книге писал, что саки-массагеты защищают грудь своего коня медными нагрудниками (Геродот, 1972, 215 с.). А археологические материалы показывают, что воины хунну (III в. до н.э.) защищали голову своих коней бронзовыми налобниками, а грудь лошади – нагрудником, сплетенным из конского волоса (рис. 7, 1). То есть конское защитное снаряжение саков и хуннов предназначалось для защиты боевых коней от ударов оружия противника только спереди. Письменные и иконографические источники свидетельствуют, что конская броня, защищающая все тело коня, начала использоваться кочевыми народами во II–IV вв. В этот период тяжеловооруженные конные воины сарматов – катафрактарии снаряжали своих боевых коней доспехами, прикрывающими тело коней полностью, с головы до ног (рис. 6, 1,2). В VI–VIII вв. у тяжеловооруженной личной гвардии тюркского кагана – «фули», которая была главной ударной силой войска, защитный панцирь коней представлял собой тяжелый доспех, состоящий из нескольких частей, изготовленных из железных полос или тонких железных пластин (рис. 6, 3, 5; 7, 2). Кони легковооруженных тюркских воинов защищались дегкими доспехами, изготовленными из мягких материалов – многослойных тканей (рис. 6, 4). Такими были конские доспехи монгольской тяжеловооруженной конницы периода монгольского завоевания. О доспехах для лошадей средневековых монголов, изготовленных из железных или кожаных пластин и полос, писали итальянские путешественники В. Рубрук, П. Карпини, побывавшие в этот период в Монголии. Плано Карпини, описавший технологию изготовления этих монгольских конских доспехов, сообщает, что броня состоит из пяти частей, которые набираются из узких железных или кожаных пластин, связанных между собой кожаными ремешками. «Прикрытие лошади они делят на пять частей: с одной стороны лошади кладут одну, а с другой стороны другую, который простирается от хвоста до головы и связываются у седла, а сзади седла на спине и также на шее; а также на крестец он кладут другую сторону, там, где соединяются связи двух сторон; в этом куске они делают отверстие, через которое выставляют хвост, и на грудь также кладут одну сторону. Все части простираются до колен или до связей голеней; и пред лбом кладут железную полосу, которая с обеих сторон шеи связывается с вышеназванными сторонами» (Карпини, 1911, с. 44).

Позже в Золотой Орде и в государствах, появившиеся после ее распада в XIV–XV вв. входят в употребление кольчатые и кольчато-пластинчатые конские панцири (рис. 7, 4). Обычно под этими тяжелыми доспехами спину коня накрывали мягкой попоной, ее подол с кистями спускался ниже края доспеха. В этот период некоторые легкие брони изготавливались в виде попоны, сшитой из многослойной ткани, и в нескольких местах они усиливались круглыми металлическими пластинами (рис. 7, 3). Все средневековые конские доспехи кочевников, как было сказано выше, состояли из пяти частей. Части доспехов соединялись между собой ремнями и пряжками. Голову коней защищали конские маски-наголовники (рис. 6, 7–10). Конечно, нужно сказать, что не все воины имели возможность полностью снаряжать своих коней такими защитными средствами. Такие конские защитные брони имели кони знатных батыров, которые состовляли костяк кочевого войска. У многих воинов, конечно, не было таких конских доспехов, зачастую они использовали лишь отдельные части такого защитного снаряжения.

В период образования казахского ханства ((XV–XVI вв.) в защитном конском снаряжении сохранялись и продолжались традиции периода Золотой Орды (рис. 7, 4). В казахских героических поэмах, берущих свое начало в Ногайлинском периоде (например, в эпосе «Ер Таргын») упоминаются конский доспех, украшенный по краям кистями, и защитная конская маска (Ақсауыт, 1977, 296 б). Позже в XVII в. с распространением огнестрельного оружия отпала необходимость в тяжелых конских доспехах и казахские воины стали защищать своих коней легкими кольчужными доспехами (рис. 8). Русский автор XIX в. А.К. Гейнс в своей книге «Кигиз-кайсаки в Зауральской степи» пишет, что казахи имеют кольчуги, своих коней тоже защищают кольчужными доспехами (Собрание литературных трудов А.К. Гейнса, 1897, с. 73).

Боевой конь у кочевых народов с древних времен был объектом сакрального культа. По древним верованиям кочевников лошадь считается животным небесного происхождения. По древней мифологии тюркских народов конь – священное животное, которое может быть обитателем всех трех миров мифологической вселенной – небесного, земного и подземного (подводного) мира. По этим представлениям, в зависимости от мира обитания, мифические кони имели разнообразный внешний вид. В древних памятниках кочевников имеются изображения не только обычных

земных лошадей, но и крылатых небесных коней и морских (подводных) лошадей с телом рыбы. В казахских эпосах и сказках, где сохранились древние мифологические мотивы, такие крылатые тулпары прибывающие из небесного мира, подобно духам-помощникам шаманов, являются мифическими помощниками батыров. С ними батыры, как шаманы-баксы, путешествуют по трем мирам мифологической вселенной (по верхнему небесному миру, по среднему земному миру, и по нижнему подземнему миру). Кочевые народы в прошлом верили, что боевой конь батыра, ставший его верным спутником в этой жизни, будет служить ему и в жизни загробной в потустороннем мире, поэтому вместе с умершим владельцом хоронили и его коня. Найденные в археологических раскопках сакских курганов скелеты и сохранившиеся тела коней свидетельствуют, что кочевые народы с древних времен наряду с табунными породами коней, разводили и высокопородных скакунов. Этими высокопородными конями владели родовые вожди, знатные воины. Их уздечные наборы, седельные принадлежности богато украшались золотом, орнаментом, разными символическими изображениями. Древние мифологические представления о коне, как о священном животном в сознании казахского народа сохранялась и после принятия ислама, пополняясь представлениями мусульманской мифологии о священной сущности коня, сотворенности его для смелых людей, способности коня оберегать человека от злых сил, шайтанов и джиннов, этим еще более укрепляя у казахов веру в божественность коня.

Поэтому для казахских батыров их боевые кони были такими священными, сакральными сущностями. Своих коней они уподобляли мифическому крылатому Тулпару из мифологии тюрков, крылатому Бураку (аль-Бурак) из мифологии мусульман, сказочному Дульдулю – легендарному коню Хазрета Али. Казахи верили, что когда рождается будущий батыр, в этом мире рождается и его будущий боевой конь, а если батыру предстоить умереть, то за несколько месяцев вперед умирает его конь. Согласно погребальному обряду казахов, когда умирал батыр, исполнялся ритуал «атты тұлдау», его коню остригали гриву и хвост, придавая ему траурный образ. В течении года на этом траурном коне покойного не ездили, и через год его резали на поминки. Таким образом боевой конь батыра, верно прослужив ему до конца жизни, сопровождал его и после смерти, отправляясь вместе с ним в загробный мир.

Подводя итоги всему вышесказанному, нужно отметить, что порода казанат, служившая воинским конем «ер аты» была непосредственно связана с военным сословием батыров – социальной прослойкой профессиональных воинов в кочевом обществе казахов. Путем селекции, специально выведенной для людей, занимающихся военным делом, в соответствии с этим требовавшей многолетней специальной дрессуры, воспитания, тренировки, эту породу лошадей держали в основном династии батыров, чья жизнь проходила на войне, защищая страну, которые являлись представителями господствующего класса общества, и владели, в достаточной степени, материальными благами для содержания таких коней. К сожалению, в конце XIX в. с исчезновением этой социальной группы в казахском обществе, утеряна и данная порода казахской лошади, забыты многовековые традиции ухода, тренировки, воспитания коней казанатов.

Литература

